Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 51 (1158)

22.12.2023

alatau.offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ОБЛЫС БАСШЫСЫ ШАҢАР ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ОБЛЫС ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВПЕН КЕЗДЕСУ СӘТІН ЕЛ ТАҒАТСЫЗДАНА КҮТКЕН ТӘРІЗДІ. НЕГЕ ДЕСЕҢІЗ, І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ САРАЙЫНА ЖИНАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ҚАРАСЫ КӨП БОЛДЫ. АЛ, БҰЛ ОБЛЫС БАСШЫСЫ БЕЙБІТ ӨКСІКБАЙҰЛЫНЫҢ АЙМАҚ БАСШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТІН АТҚАРҒАЛЫ БЕРІ ӨҢІР ХАЛҚЫМЕН ОТЫЗЫНШЫ, АЛ ТАЛДЫҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ҮШІНШІ МӘРТЕ КЕЗДЕСУІ ЕКЕН.

Облыс әкімінің елмен кездесуінде өңір әлеуетін арттыруға бағытталған жұмыстар мен алдағы атқарылар жоспарлар тілге тиек етілді. Бұған дейінгі қала тұрғындарымен кездесуде айтылып келген 25 мәселенің 12-сі қазіргі таңда толық шешімін тауып, қалғаны бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп келеді.

Осы жолы да елдің көтерген негізгі мәселесі баспана жайында болды. Бұл туралы аймақ басшысы: *«Баспана, пәтер кезегінде тұрғандардың санына қарап айтар болсақ, бір ғана адамның мәселесі емес, өңір үшін түйткіл. Ал мұны тарқатуға қауқарлы тірлігіміз бар. Биыл 1083 пәтер пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін тағы бірнеше тұрғын үйдің құрылысы аяқталады. Келер жылғы меже – екі мыңнан аса пәтерді қолданысқа енгізу. Бізде Отан ортақ, ел ортақ, жер ортақ, сол сықылды сот та, прокурор да, әкімдік те ортақ. Заң үстемдік ететін мемлекетте өмір сүреміз. Заңнан аттап, пәтер кезегін жылжытуға құқығымыз жоқ. Тек құрылыс жұмыстарын қарқынды жүргізіп, қордаланған баспана кезегін екі есе қысқарту – біздің құзыретте»,* – деді Б. Өксікбайұлы.

Облыс басшысы бұл мәселенің жібін тарқатуды қала әкімі Ернат Бәзілге жүктеді.

Мұнан соң облыс әкімі Бейбіт Исабаев атқарылған жұмыстар мен алдағы уақыттың еншісіндегі жоспарымен бөлісті. Өңірдің бас шаһары Талдықорғанның әлеуметтік-экономикалық өрісін кеңейтіп, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруда толайым тірлік бар. Өткен 11 айда облыс орталығында 117,7 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Былтырғы жылмен салыстырғанда өсім 4 пайызды құрайды. Жыл соңына дейін өнеркәсіп өндірісі 130 млрд. теңгеге жетеді деп межеленуде.

Қаланың өндірістік әлеуетін ілгерілетуде де ауыз толтырып айтар тірлік бар. Биыл екі кәсіпорын іске қосылды: «Халық астық Экспо» ЖШС-нің ауыл шаруашылық өнім кептіру элеваторы және «Алтынғажинов» ЖК-нің жүн көрпе өндіру цехы. Сонымен қатар «Алмас Керамикс» серіктестігі өндірісін кеңейту шараларын жүзеге асырды. Әлі де құрылысы жүріп жатқан «ASMA Industrial» компаниясының аккумулятор зауыты облыс орталығының әлеуетін көтеруге жұмыс істейтін күн алыс емес.

Жалпы өңірдегі басты мәселенің бірі – Талдықорған қаласындағы индустриялық аймақтың ірі өндіріс орындарымен толмауы, инвесторлық жобалардың қолға алынбауы. Аты дардай аймақта бар-жоғы алты кәсіпорын бар. Келер жылы жұмысы тұралаған «Жетісу Май» және «Жетісу Мажико агрокешені» кәсіпорындарының тамырына қан жүгіреді деп күтілуде. Аймақ басшысы жергілікті әкімдік пен тиісті басқарма басшыларына атаулы аймаққа инвесторлар мен инвестициялық жобаларды тартуға жұмыс істеу керегін тапсырды.

Сонымен қатар облыс әкімі білім және медициналық сапалы қызметпен қамту, қаладағы саябақтарды жаңғырту жайында атқарылған жұмыстарға тоқталып, жоспарлармен де бөлісті.

«Жиында көтеріліп жатқан сауалдардың дені баспана кезегі төңірегінде. Байқаймын, қала әкімдігінің қызметкерлері тұрғындарды қабылдауда жөнсіз жұмыс жүргізетіндей. Мұндай шағым бір емес, бірнеше рет түсіп отыр. Егер әкімдік қызметкерлері халыққа жайлы қызмет көрсетсе бұл жиында көпшілік баспана мәселесін көтеріп даурығысып жүрмес еді. Ернат Дүйсенбекұлына қала әкімдігінің жұмысын саралауды әрі жүйелеуді тапсырамын», – деді облыс әкімі.

Тұрғындар тарапынан қаланы абаттандыру жұмыстары жөнінде де, сонымен қатар жаңадан бой көтерген шағынауданда учаскелік полицейлерге арналған пункттің жоқтығы, осы аудандарда бейнебақылаудың аздығы және алаяқтық қылмысының қоғамда өршуі мен қылмыстың сирек ашылуы да сөз болды. Бұл тұрғыда аймақ басшысы жергілікті құқық қорғаушыларға халықтың шағымына сай жұмысты үдетуді тапсырды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БАСПАСӨЗ - 2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАСПАСӨЗ – 2024

«АЛАТАУҒА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

XXI ғасыр – білім, ғылым ғасыры десек те, ақын М.Дулатовтың «Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Оқымаған жұрттың келешегі тұман, күні қараң» деген ойлы сөздері көпке ой салары, ойландырары анық.

Газетсіз қоғамды елестетудің өзі қисынсыз. «Алатау» қоғамдық-саяси газеті 2000 жылдан бері Талдықорған қаласынан жетісіне бір рет жұма күні шығады. 3000-ға жуық таралымы бар газетке пошта арқыл жазылып, алып жүргеніме 15 жылдан асыпты. Басылым бетіндегі бас редактор, Қазақстан республикасына белгілі айтыскер ақын Айтақын Бұлғақовтың жазғандарын бірінші оқимын. Себебі мақала туралы ойы анық, сөзі шын нақты дәлелдермен ақты ақ, қараны қара деп ойын ашық жазады. «Шындықтан сөз бұзылмайды» деген осы. Сөз арасына келтірілген мақал-мәтелдер де тура, нақты сол тақырыпқа арнайы айтылады. Бас редактордың көп жылдан «Алатау» газетінің ұжымын басқарған басшының еркін тақырыпта жазғандарын оқығандар риза болып, мемлекеттік ана тілінде сөйлейтін, оқитын жазғандарды талдайтын орта қалыптасады. Газет-журнал оқитындарға тигізетін ықпалы ерекше. Мен газет-журналдың еркін тақырыпта мағыналы-мазмұнды жазылғанды ерекше бағалаймын. Әскери оқытушы ұстаз болып А.Бубенцов, Қазақстан орта мектептерімен бірге Мед колледжда алғашқы әскери дайындық (АӘД) пәні оқытушы ұстаз болып зейнетке шықсам да жеті жыл колледж, мектеп директорларының шақыруымен 2019 жылға дейін жұмыс істедім. Зейнеткер болсам да оқытушы ұстаз екенімді ұмытпай жыл сайын өзім оқитын бес газет, екі журналға жазыламын. Газет-журналды жаңа номері қашан келеді деп тосып аудан, облыста, елімізде болған жаңалықтарды оқып білу әдетке айналған. «Бұрынғы шыққан құлақтан кейінгі шыққан мүйіз озыпты» дегендей, бұрынғы шыққан газетті интернет толық ауыстыра алмайды. «Алатау» газеті әртүрлі тақырыптарда жазылғандары қаузайтын, айтары мол басылым.

Біздің ақсақалдар қауымы басылымға қашан да қолдау көрсетеді деп нық сеніммен айтамын. Өйткені газет – журнал нақты бағытымызды анықтайды, болған шындықты жазады. Ақсақалдар араласқан жұмыстар жоғарғы нәтижеге жетеді деп ойлаймын. Баспасөзге жазылу бұлжымайтын боршымыз деп санағанда ғана рухани ой-санамыз оянатын болады. Ардагерлермен өткен жиында, кездесулердеағалық ақыл-кеңестерді айта отырып, «Алатау» газетіне жазылсаңдар өкінбейсіңдер, басылымның бағасы да қолжетімді деп айтудан жалықпаймын. Ал, сіз «Алатау» газетіне жазылып үлгердіңіз бе?!

Құрметпен – Әсет КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
ардагер оқытушы ұстаз, запастағы капитан.
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ

МЕДИЦИНА

ВИРУСТЫҚ «А» ГЕПАТИТІМЕН АУЫРҒАНДАР САНЫ АРТТЫ

Жетісу облысында вирустық «А» гепатитімен ауырғандар саны артты. Сырқаттанушылық өткен жылмен салыстырғанда 7 есе өскен. 2023-2024 жылдың эпидемиялық кезеңінде вирустық «А» гепатитінің 29 жағдайы тіркелді. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі бала саны – 6. Яғни, 20,6 пайыз.

Жетісу облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Индира Кунбасованың сөзінше, вирустық гепатиттер – вируспен шақырылатын, бауырды зақымдаумен сипатталатын және сарғаю белгісі болатын сырқат. Жұқпаның тұрғындар арасында берілу жолы мен таралуы әртүрлі. Вирустық гепатиттердің бірнеше түрі кездеседі, соның ішінде ең кең тараған түрі вирустық «А» гепатиті. Ал, вирустық гепатиттің жұқпа көзі – ауру адам болып табылады.

2023-2024 оқу жылында облыстағы 345 мектептің 8-нен ауру шықса, сырқаттанғандар саны – 9 оқушы болып отыр.

Маманның айтуынша, вирустық «А» гепатитімен сырқаттанушылық күз-қыс айларында жоғарылайды. Гепатитті төмендетудің тиімді жолы – иммундау. Бүгінде өңірде вирустық «А» гепатитіне қарсы 2 жастағы 16 991 бала және эпидемиологиялық көрсеткіш бойынша ошақта қарым-қатынаста болған 3375 адам иммундаумен қамтылған.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

КӘСІПКЕРЛІК

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ЖАРТЫСЫНА ЖУЫҒЫН НЕМЕСЕ 42,7 ПАЙЫЗЫН ӘЙЕЛДЕР БАСҚАРАДЫ. ОЛАР ЖЕТІСУ ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ АЛАҢЫНДА ЕКІНШІ ЖЫЛ ҚАТАРЫНАН ӨТКІЗІЛІП ОТЫРҒАН ОБЛЫСТЫҚ ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР ФОРУМЫ БАРЫСЫНДА ӨЗАРА ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ.

ЖЕТІСУДА ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР ФОРУМЫ ӨТТІ

Форумға барлығы 140-қа жуық әйел кәсіпкер, сондай-ақ өңірлік қаржы ұйымдары мен мемлекеттік органдардың басшылары қатысты. Іс-шара аясында іскер әйелдер өз бұйымдарының көрмесін ұйымдастырды. Оған облыс әкімі Бейбіт Исабаев барды.

Жетісу облысы жылды жақсы көрсеткіштермен аяқтап отыр. Өткен 11 айда экономикалық өсу қарқыны 113,9 пайызға жетіп, өңір республикада бірінші орынға ие болды. Соның ішінде шағын және орта бизнес саласы жақсы қарқынмен дамып келеді, бұл ретте әйелдер кәсіпкерлігі де елеулі рөлге ие.

«Облыс халқының 50 пайыдан астамы әйелдер болса, оның 42 пайызы немесе 148,2 мыңы экономикалық белсенді халық қатарында, соның 139 мыңға жуығы жұмыспен қамтылған. Әйелдер кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасының барлық бағыттарына белсенді қатысатыны қуантады. Мәселен, биылдың өзінде халықтың әлеуметтік осал топтарының ішінен 139 әйел кәсіпкерлік бастамаларына шамамен 192 млн. теңге көлемінде грант алды. Жастар арасынан тағы 123 қыз-келіншекке 563,4 млн. теңге мөлшерінде 2,5 пайыз жеңілдікті сыйақы мөлшерлемесімен шағын несие берілді. Біз әйелдер кәсіпкерлігін қолдауды жалғастыра береміз. Сіздер тарапынан тек жұмыс істеуге деген ұмтылыс болса, жақсы бизнес-жоспарларыңызды қаржыландыру, гранттар беріп, несиелеу – біздің міндетіміз», – деп атап өтті Б. Исабаев.

Сондай-ақ, облыс әкімі әйелдер білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларында белсенді екенін айтты. *«Мысалы, Панфилов ауданының тұрғыны Тұрсын Кончибаева ауданда бес балабақша ашып, 700-ден астам ауыл балаларын мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз етіп, 100-ден астам жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастырды. Жұмыс сапарым кезінде кәсіпкердің Головацкий ауылында ашқан 210 орындық балабақшасына бардым. Ардагер педагог 10 жылдан бері қоғамға пайдалы бизнеспен айналасып келеді»,* - деді Б. Исабаев. Бұдан соң ерен еңбектері жақында республикалық деңгейде атап өтілген бірқатар кәсіпкер әйелдерді құттықтап, іскер ханымдарға марапаттар тапсырды.

Мәселен, «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының III дәрежелі «Ісіне адалдығы үшін» медалі бірнеше жыл бойы кондитерлік және нантоқаш өнімдері мен етті жартылай фабрикаттар өндірумен айналысып келе жатқан «Лад» ЖК басшысы Агафья Лиге берілді. Осындай медальмен жаңа сауылған түйе сүтінен өнім өндіруге маманданған «UNI FORES» ЖШС-ның директоры Ләззат Чайгараева марапатталды.

Облыстық іскер әйелдер кеңесі өткізген конкурс қорытындысына сәйкес номинациялар бойынша 20-ға жуық

жеңімпаз әйелге ақшалай сертификаттар табысталды. Тағы бірнеше адамға облыстық басқармалар мен Кәсіпкерлер палатасы облыстық филиалының Алғыс хаттары табыс етілді.

Атап өтсек, бизнес-форум аясындағы көрмеде сүт, кондитерлік және нантоқаш өнімдері, джемдер, қақтар, сабын және шөптен т.б. табиғи ингредиенттерден жасалған косметикалық спрейлер, киізден, саздан жасалған бұйымдар, түрлі қолданбалы өнер бұйымдары, аяқ киім және басқа да кәсіпкер әйелдердің өндірген өнімдері ұсынылды. Облыстың әр түкпірінде шығарылып жатқан бұл өнімдерді жасауға мемлекеттік қолдау шаралары көп ықпалын тигізіп отыр.

Жалпы Жетісу облысында барлығы 59 мың шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген, онда 110 мың адам жұмыспен қамтылған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 14,1-ға артық.

Жетісу облысы әкімінің
баспасөз қызметі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОПМ «HOSTEL»

КРУГЛЫЙ СТОЛ ДЛЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ И ВЛАДЕЛЬЦЕВ ХОСТЕЛОВ

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕССЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ, НА ПЛОЩАДКЕ АЛМАТИНСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ПОД ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВОМ НАЧАЛЬНИКА УПРАВЛЕНИЯ ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА СОВМЕСТНО С СОТРУДНИКАМИ УПРАВЛЕНИЯ ПОЛИЦИИ, УПРАВЛЕНИЯ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ, АППАРАТА АКИМА АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА И ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ ПАЛАТЫ БЫЛ ПРОВЕДЕН КРУГЛЫЙ СТОЛ ДЛЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ И ВЛАДЕЛЬЦЕВ ХОСТЕЛОВ. В МЕРОПРИЯТИИ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ БОЛЕЕ 40 СУБЪЕКТОВ МСБ.

Согласно плану оперативно-профилактического мероприятия «HOSTEL» проведен круглый стол с представителями и владельцами хостелов на темы «Пожарная безопасность в быту», «Действия при пожаре».

«Хостелы относятся к местам массового скопления людей, поэтому к ним предъявляются строгие требования в отношении пожарной безопасности. В силу специфики заведения невозможно проводить полноценный инструктаж и обучение с каждым гостем, поэтому пожарное оборудование и проект здания должны быть подготовлены таким образом, чтобы направление движения и действия в случае эвакуации были понятны интуитивно, а сам процесс эвакуации проходил быстро и без задержек», – сказал представитель Управления по чрезвычайным ситуациям Алмалинского района.

В ходе круглого стола предприниматели задавали свою вопросы о требованиях к зданиям хостелов.

Предпринимателям рекомендовано в постоянном рабочем состоянии содержать пожарную автоматику, систему оповещения при пожаре; не загромождать эвакуационные выходы; обеспечить надлежащее состояние противопожарного водоснабжения; иметь необходимое количество средств пожаротушения; не допускать размещение в подвальном этажах зданий помещений для проживания людей; не допускается курение в номерах или этажах; строго соблюдать правила пожарной безопасности при эксплуатации электрических установок и приборов; в случае возникновения пожара незамедлительно сообщать по телефонам «112», «101».

«Алмалинский район густонаселенный центр города, где функционируют более 40 хостелов. И такие профилактические встречи с профильными органами очень важны. Совсем скоро истекает срок моратория на проверки МСБ, необходимо советовать всем требованиям пожарной безопасности», – сказал директор Алмалинского района РПП г. Алматы Темирлан Мадиев.

Сотрудниками управления были розданы информационные листки, содержащие необходимые инструкции о действиях в случае возникновения пожара и чрезвычайных ситуаций, а также брошюры, посвященные правильному пользованию газовыми плитами и оказанию первой медицинской помощи.

Такие мероприятия проводятся в рамках усилий по обеспечению безопасности и здоровья жителей хостелов, направленных на подготовку и повышение осведомленности населения в случае чрезвычайных ситуаций.

Ш. ХАМИТОВ.

СИТУАЦИЯ

КАКИЕ ВЕТХИЕ ДОМА СНЕСУТ В АЛМАТЫ В БЛИЖАЙШЕЕ ВРЕМЯ

Почти 50% всего ветхого жилого фонда Алматы расположено в Турксибском районе. В акимате рассказали сколько старых домов снесут в ближайшее время, передает ИА «NewTimes.kz» со ссылкой на krisha.kz.

По программе реновации (старые дома сносят, а жильцов заселяют в новые) в 2023 году в Турксибском районе выдали 121 квартиру. К концу года достроят еще 11 домов для переселения из ветхого жилья.

Участков, где сейчас идет снос, в Турксибском районе три:

Квадрат улица Кассина — Котельникова — проспект Сейфуллина — Акан Сери

Реновации подлежат 30 домов. Уже снесено 12 двухэтажек, жители получили новые квартиры.

Еще шесть планируется расселить в ближайшее время. На втором этапе должны снести 18 домов.

«Не все жители согласны на переселение в предложенные застройщиком квартиры. Их не устраивает качество жилья, а также площадь и планировка квартир. Если стройкомпания не договорится со всеми собственниками, оставшиеся дома могут и не снести», — говорится в публикации.

Переселение возможно только при 100%-м согласии жителей каждого дома.

Микрорайон Алтай-2

Здесь под снос идет 57 ветхих домов. В этом году уже построены две многоэтажки на 456 квартир для переселения жителей из 18 ветхих домов. Полностью выкуплены квартиры в шести объектах.

Квадрат Чернышевского — Сауранбаева — Молдагалиева — Толстого

Переселены жители семи домов, ведется снос пяти двухэтажек. На освобожденных участках построят новое жилье. Зону разделят несколько застройщиков.

ШТРАФЫ

УВЕЛИЧАТСЯ ЛИ РАЗМЕРЫ СТАРЫХ ШТРАФОВ С НОВОГО ГОДА

Стоимость административного наказания в виде штрафа может зависеть от МРП, который увеличится с 1 января. Нужно ли успеть оплатить штрафы до этой даты, чтобы не переплатить, узнали журналисты NUR.KZ.

Как указывается в статье 44 Кодекса об административных правонарушениях (КоАП), административный штраф — это денежное взыскание, налагаемое за административное правонарушение.

Его размер соответствует определенному количеству месячного расчетного показателя (МРП), который в 2023 году равен 3 450 тенге. Максимальное наказание физлицу не может превысить 200 МРП (690 000 тенге на 2023 год и 738 400 тенге на 2024 год).

Однако с 1 января МРП увеличится до 3 692 тенге. Поэтому казахстанцам может показаться, что при этом оплата уже выписанных штрафных квитанций может потребовать больше денег.

То есть якобы административное денежное наказание, полученное в 2023 году, придется платить по ценам 2024 года.

По какой цене платить за штрафы

Как указывается в той же статье КоАП, сумма штрафа указывается в МРП, устанавливаемом в соответствии с законом, действующим на момент возбуждения дела об административном правонарушении.

То есть, если штраф был получен даже 31 декабря 2023 года, то оплачивать его нужно по ставке 3 450 тенге за один МРП. Однако это не значит, что с оплатой можно подождать.

Напомним, что казахстанцы могут получить административный штраф даже во время празднования Нового года.

Когда нужно заплатить за нарушение

Согласно статье 893 КоАП, при получении какого-либо административного штрафа у казахстанцев есть 30 суток на добровольную оплату. При этом отсчет начинается со дня вступления постановления о наложении наказания и предписания о необходимости уплаты штрафа в законную силу.

Предписание, как правило, приходит к нарушителям в распечатанном виде на адрес прописки. Но вступает в силу оно не со дня получения, а со дня регистрации.

Если не уложиться в данный срок, то будут применяться меры принудительного исполнения постановления о наложении штрафа:

- судебный иск и передача дела частным судебным исполнителям;
- арест имущества;
- удержания с зарплаты, пенсии, стипендии и так далее.

Другими словами, если получить штраф 31 декабря 2023 года, то оплатить его нужно по установленным за этот же год ставкам МРП — по 3 450 тенге. А если наказание получено после 1 января, то оплата будет производиться из расчета 3 692 тенге за МРП. При этом желательно внести платеж в течение месяца после выписки квитанции об оплате.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

БЕРЕКЕСІ ҰЙЫСҚАН, ЫНТЫМАҒЫ АРТҚАН АУДАН

«Қаратал күндіз күміс, түнде алтын» деп ақын Темірғали Рүстембеков жырлаған Қаратал өзенінің бойында Қаратал ауданы орналасқан. 18 әулиеге құтты қоныс болған ауданның орталығы Үштөбе қаласы. 40-қа жуық ұлт пен ұлыстар мекендеген өңір – облыс орталығы Талдықорғаннан небәрі 60 шақырымдық жерде орын тепкен.

Қазақ өнерінің шоқ жұлдызы Бикен Римова, детектив жанрының хас шебері Кемел Тоқаев, оның баласы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлын өмірге алып келген өңір аграрлық сала негізінен күрішегіп, мал шаруашылығымен айналысады.

Құмды өңір Алматы облысының Балқаш және Қарағанды облысының Ақтоғай, Жетісу өңірінің Ақсу, Көксу аудандарымен шектесіп жатыр. Ауданда 46 мыңнан астам халық тұрады. 10 округ, 37 ауылдың қам-қарекеті – дала жұмыстары. Төрт түлік мал өргізіп, егін және балық шаруашылығы өріс алған. Ауданда 1221 ауылшаруашылық тауар өндірушілері бар болса, оның 592-і егін шаруашылығымен, 380-і мал шаруашылығымен, 249-ы аралас шаруашылықтар, 18-і жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер. Аудандағы ірі қара малдың саны 46 мың 959 бас, қой мен ешкі 110 мың 503, жылқы 10 мың 147 бас, құс 100 мың

378 бас. Жыл сайын мал басы өсіп, одан алатын өнім көрсеткіші де көңіл тояттатады. Оны он айдың көрсеткіші бойынша салық түсімдерімен, аудан бюджетінің кассалық игерілуінен аңғаруға болады. Мал шаруашылығы бойынша 16 млрд. 50 млн. теңгеге өнім өндіріліп, 102,2 пайызға жетсе, ауыл шаруашылығында өндірілген өнімнің көлемі 31 млрд. 880 млн. теңге, физикалық индекс көлемі 100 пайызға орындалған (2022 ж. – 34663,2 млн. теңге болған).

Төрт түлік малмен күнелтіп отырған аудан тұрғындары үшін малдан тарайтын әртүрлі жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында ауданда ветеринарлық қызметті жақсартуға ерекше көңіл бөлінуде. Ағымдағы жылы осы мақсаттарға 299 млн. теңге бөлінген. Желтоқсан айында Тастөбе, Елтай ауылдық округтерінде жалпы құны 33 млн. теңге болатын екі модульдік ветеринариялық пунктті пайдалануға беру жоспарланған, олар 2 арнайы автокөлікпен жабдықталған, компьютерлік техниканың 15 бірлігі және «(VET – MOBILE» мобильді қосымшасына арналған 12 планшет, сондай-ақ аса қауіпті ветеринариялық ауруларға қарсы іс-шараларды іске асыруға 227 млн. теңге бөлінген. Осыған қарамастан 35 бас ірі қара мал мен 32 бас ұсақ малдан бруцеллез анықталған. Кесел жұқтырған малдардың көзі жойылып, мал иелеріне мемлекет тарапынан мал құнының 30 пайызы (3,8 млн) төленген.

«Ұйымдастыра білген ұтады» демекші, аудан әкімі Ұлан Досымбековтің айтуынша, биылғы жылдың он айындағы көрсеткіш салық түсімінде 2 млрд. 470 млн. теңге, орындалу пайызы 106,7%, аудан бюджетінің кассалық игерілуі 7 млрд. 334 млн. теңге, орындалуы 96,6 пайызды құраған. Аудандағы өнеркәсіп саласында 4 млрд. 745 млн. теңгеге өнім өндіріліп, нақты индекс көлемі 135,4 пайыз орындалған (2022 ж.-3371 млн. теңге). Жылдан-жылға өнім өндіру қарқынын арттырып отырған аудан еңбеккерлері толағай табыстарға қол жеткізуде. Мәселен, егін шаруашылығы бойынша 15 млрд 630 млн. теңге (жоспар 97,8 %-ға), дәнді-дақылдардан күріш, арпа, тәтті түбір егіп, ел экономикасына сүбелі үлес қосып отыр. Қызылша демекші, осы балтамырды егу, одан мол өнім аламыз деп жоспарлаған шаруалардың еңбегі зая кеткен. Себеп, 104 гектарға егілген тәтті түбір, жер асты суларының көтерілуіне байланысты өнім алынбай, мал азығына жіберілген. Бүгінде дала жұмыстарын толыққанды аяқтап, қыстық жем шөп қорын 154 мың тоннадан астам мал азығын дайындап алған шаруалар төрт түліктің қыстан қысылмай шығатынына бек сенімді. Жаз жайлау, қыс-қыстауға көшіп-қонып жүрген малшы қауымы енді көктемгі мал төлдету науқанына жан-жақты дайындалуда. Малдың жайылымы, егістік алқапты ұлғайту мақсатында өткен жылы 74,8 мың га пайдаланбай жатқан жер анықталып, оның 20,2 мың гектары мемлекет меншігіне өтсе, қалған 1,9 мың гектар жерде шаруашылықтардың (6 тұлға) мал бастарын бірдейлендіру жүйесіне (ИСЖ) тіркелгендігі анықталып, қайта айналымға енгізілгенін айтқан аудан әкімі Ұлан Әлдибекұлы мемлекет меншігіне 29,9 мың гектар жер қайтарылғанын, жалпы алты шаруа қожалығынан 23,5 мың га, (ірі шаруашылықтардан «Шығыс Қаратал» ЖШС –15 мың га, «Бақыт - Қаратал» ЖШС – 1,2 мың га, «Тамас» ЖШС – 10 мың га, «Текелі Agro Servis» ЖШС – 5 мың га, «Темірқазық С.Қ.» ЖШС – 5 мың га, «Г. Житкеев» ШҚ – 3,5 мың га). Бұдан басқа 52,7 мың га жер иелеріне (106 тұлға) анықталған заң бұзушылықтарды жоюға (бір жыл) нұсқама берілгенін, оның орындалуына тексеру жүргізу қараша айынан басталғанын айтты.

«Жер, су, жалпы республика бойынша өзекті мәселе болып тұрғанын, игерілмей жатқан жерлер мемлекет меншігіне қайтарылып, ел игілігіне жаратылуы тиіс екенін Мемлекет басшысы да ұдайы айтып келеді. Аудан экономикасын көтеру үшін әуелі халықтың жағдайы жасалуы тиіс. Ол үшін шағын кәсіпті дамыту, оларға қолдау көрсету біздің міндетіміз. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында бірінші траншпен Қаратал ауданының 45 тұрғынына бизнестің 4 бағыты бойынша (жиһаз, термопанель, жартылай дайын тағам цехтары, мал шаруашылығы) 220 млн. теңге несие берілді (2,5%, 8,8 млн.теңгеден). Екінші траншқа бүгінгі күні 54 өтінім қабылданды (244 млн. теңге, барлығы 464 млн. теңгеге 77 өтінім). Биылғы жылдың қараша айынан бастап несие беріле бастады. Шағын және орта бизнесте ауданда 3 мың 37 бизнес субъектісі жұмыс істейді (облыстағы үлесі – 5,1%), заңды тұлға – 150, жеке тұлғалар –1 мың 466, шаруа қожалықтары – 1 мың 421. Өткен жылмен салыстырғанда 479 бизнес субъектісіне артты немесе 19 пайызға өсті, нәтижесінде 5 мың 164 адам жұмыспен қамтылды. 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17,6 пайызға жоғары (2022 жылғы 1-ші тоқсанда – 4 мың 391 адам, облыстағы үлесі – 5%). Бюджетке түсетін түсімдер 735 млн. теңгені құрады, бұл өткен жылғы деңгейден 1,7 есе артық. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 1 қыркүйекке 294 млн. теңгеге 13 жоба қаржыландырылды (ауыл шаруашылығы – 3, тамақ өнімдерін өндіру – 4, тоқыма бұйымдарын өндіру – 6). Аудандық бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан іске асырылып жатқан жобалар» – деген аудан әкімі Ұлан Әлдибекұлы бөлшек тауар айналымының көлеміне де тоқталды.

Сонымен бірге, аудандағы құрылыс және инвестиция саласы жайлы да тілге тиек етті. Айтуынша, құрылыс жұмыстарының көлемі 8 млрд. 634 млн. теңге, нақты индекс көлемі 169,1 пайыз (2022 ж. – 4348,6 млн.теңге) және тұрғын үй құрылыс көлемі 8 мың 800 шаршы метр іске қосылды (2022 ж. – 15,7 мың ш.м.). Инвестиция бағыты бойынша, ағымдағы жылдың бірінші қараша айына негізгі қорға тартылған инвестиция көлемі 15 млрд. 300 млн. теңгені құрады. 2022 жылмен салыстырғанда нақты индекс көлемі 188 пайыз (6,4% үлесімен облыста 6 орында тұрмыз). Оның ішінде бюджеттік инвестиция 9 млрд. 940,7 млн. теңге, бюджеттен тыс инвестиция көлемі 5 млрд. 359 млн. теңге, 2022 жылмен салыстырғанда 122 пайызға артқан (4408,5 млн. тенге). Он айдың көрсеткіші бойынша, инвестиция тартуда облыс алтыншы орынға шыққан. Қаратал ауданының барлық саласында ілгерілеушілік бар.

«Мәдениет саласында жаңа екі жаңа нысан құрылысы бой көтеріп, Үштөбе қаласында өлкетану мұражайының құрылысы және Калпе ауылында 200 орындық мәдениет үйінің құрылысы жанданды. Келер жылы Балпық ауылдық округі әкімі аппараты ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Сондай-ақ, Үштөбе қаласында 40 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы салынуда, мемлекеттік қорытындысы бойынша нысан келер жылға өтпелі (2,4 мың шаршы метр). Биылғы жылы Үштөбе қаласында 15 жеке тұрғын үй (1,3 мың шаршы метр) салуға демеуші «Әлия Сервис» ЖШС-мен келісім-шарт жасалып, жеке тұрғын үйлердің құрылысын салу үшін инфрақұрылымы тартылса, Көкдала ықшам ауданында 15 жер учаскесі берілген. Бүгінгі күні құрылыс жұмыстары толықтай аяқталып, мердігер тұрмысы төмен көп балалы отбасыларына басапана берілді. 2024 жылы Үштөбе қаласында (Ақын Сара көшесінде) 60 пәтерлік (7 мың 500 шаршы метр) және 20 жеке тұрғын үйлердің құрылысы басталатын болады (1 мың 500 шаршы метр), аталған нысандардың ЖСҚ-сы сараптамадан оң қорытынды алған, облыстық басқармаға бюджеттік өтінім берілді. Сондай-ақ, тіршілік көзі ауыз су мәселесінде 2022 жылдан өтпелі нысан Тастөбе, Бесағаш, Бірлік ауылдарын ауыз сумен жабдықтау құрылысының жұмысы жүргізілуде. (Балпық ауылдық округі бойынша халық саны 2 мың 044 адам: Ұмтыл ауылында 3 көше, 34 аула саны - 183 адам тұрады) Көпбірлік ауылын ауыз

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

сумен қамту мақсатында қазіргі уақытта іздестіру-барлау жұмыстары жүргізілуде (мердігер ұйым «Жер су» ЖШС, 15.08.2023 жылғы №158/23 шарт, аяқтау мерзімі 2024 желтоқсан айы)» – деді аудан әкімі.

Оның сөзінше, Үштөбе қаласы мен Ескелді би ауылының тұрғындары тарапынан ауыз су мәселесі жиі көтеріледі. Сондықтан Үштөбе қаласындағы 123 көшенің 31-інде (28 км, 580 аула, халық саны - 21544), Ескелді би ауылындағы 17 көшенің 9-ында (12 км, 98 аула, халық саны - 506) ауыз су жүйесі жоқ. 2024 жылы Үштөбе қаласында сумен жабдықтау желілерінің реконструкциялау, Кішітөбе ауылындағы сумен жабдықтау жүйесіне ағымды жөндеу, «Қаратал таза су» жоспарланған. Бүгінгі таңда, бір қазандық орнатылса, қалған үш қазандықтың құрылыс жұмыстары келесі жылы аяқталып, тұрғын үйлер жылуға қосылатынын айтады аудан басшысы.

Жалпы Үштөбе қаласында газ желілерінің құрылысы келесі жылдың соңына дейін аяқталып, 19,5 мың қала тұрғыны газға қол жеткізбекші. Газға қосылу бағасы 169 мың теңгеден аспайды, орташа бағасы 135-140 мың теңгені құрайды. Сондай-ақ, қазандықтың құнын қайтарымсыз, 10 айға бөліп төлеу мүмкіндігі қарастырылған.

Өз кезегінде аудан басшысы 2024 жылы Үштөбе қаласының жылу желілерінің қайта жаңарту жұмыстары жүргізілетінін де айтты.

МКК-на күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Облыс іргесіне тиіп тұрған ауданда газдандыру жұмыстары 35 елді мекеннің 19-ы көгілдір отынмен қамтылуға жатады. Жоспарланған 19 елді мекенді газдандыру нәтижесінде 2025 жылы ауданның 39 мың тұрғыны немесе 96,8 пайызы табиғи газға қол жеткізе алады деп жоспарлануда. Ағымдағы жылдың соңына дейін ауданның 11 ауылын жалпы сомасы 3,2 млрд. теңгеге газдандыруды кезең-кезеңімен аяқтау жоспарланған (Жаңаталап, Оян, Ескелді би, Қызылжар, Көкдала, Достық, Кальпе, Қанабек - жұмыстар 2021 жылы басталған, Тастөбе, Ортатөбе, Бастөбе – жұмыстар 2022 жылы басталды). Сонымен қатар өткен жылдан бастап Үштөбе қаласы бойынша газ тарату желілерінің құрылысы жүргізілуде. Бүгінгі күні Кәлпе және Оян ауылдарына газ беріліп, көгілдір отынмен

қамтамасыз етілген, жыл соңына дейін Үштөбе қаласының батыс бөлігімен Қанабек ауылында газға қосу жұмыстары жүзеге асырылмақ. Сарыбұлақ ауылын газдандырудың құрылыс-монтаж жұмыстарына келісім-шарт жасалып, құрылыс жұмыстары басталған («Алматы Production Construction&Invest» ЖШС, «ST-LTD» ЖШС). Бұл – 2024 жылдың желтоқсан айында аяқталады. Қалған 5 елді мекенді газдандыру бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамадан өтуде, қорытындысын алғаннан кейін энергетика министрлігіне бюджеттік өтінім жолданады (Жылыбұлақ, Жасталап, Қаражиде, Кішітөбе және Үшкөмей), сонымен қатар жоба бойынша 17 көп пәтерлі тұрғын үйді газбен жылыту үшін 4 блокты-модульді қазандық орнату

Аудан орталығы Үштөбе қаласындағы «Абылай хан» көшесіне көгалдандыру, Үштөбе стелласына жөндеу, Үштөбе қаласына кіре берісіндегі айналма жолға (кольцо) ағымдағы жөндеу, «Ақын сара» және «Жәлменде би» көшелері бойында сквелер құрылысын салу, Бастөбе ауылы «Корчягин» көшесіндегі скверді көгалдандыру, Елтай ауылдық округіндегі Қаратал ауданы және Елтай ауылы стеллаларын жөндеу, Жолбарыс батыр ауылдық округі Кәлпе ауылында сквер, аллея құрылыстары, Бастөбе ауылындағы «Корчягин» көшесіндегі алаңды абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, қолданысқа берілді. «*Ауданымыздың орталығы Үштөбе қаласындағы әрі кетіп тозығы жеткен 26 көп қабатты тұрғын үйлердің қас беттері мен шатырына ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2024 жылы Үштөбе қаласындағы 16 тұрғын үйлердің аулаларын аббаттандыру жұмыстары және Жаңаталап ауылындағы орталық саябаққа ағымды жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұдан бөлек, жарықтандыру мен көшелерді асфальттау бойынша ағымдағы жылы жалпы 13 көшеге жарық шамдары орнатылды. Елтай ауылына кіре беріс (ұзындығы 5,5 км) облыстық маңызы бар жолды жөндеуге берілді. Толық асфальт төселді. «Үштөбе-Алмалы-Көпбірлік бағытындағы 176 шақырым автожолының 134 шақырымы жөндеуді қажет етеді. Оның 59 шақырымын (2022 ж. - 29 км, 2023 ж. - 30 км) биылғы жылы аяқтаймыз. Келесі 40 шақырымына жоба кеш әзірленіп, бөлінген қаржының негізгі бөлігі келесі жылға ауыстырылды.*

Жөндеу жұмыстары 2024 жылдың соңында аяқталады (мердігер «Казстройцентр» ЖШС). Қалған 35 шақырымын жөндеу 2025 жылға жоспарланған. Сонымен қатар, ағымдағы жылы 4 елді мекенде (Үштөбе қаласы және Қаражиде, Көкпекті, Ойсаз ауылдарында) жалпы ұзындығы 7,7 шақырым ауыл ішілік 11 көшенің орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. «Ауыл Ел

Бесігі» бағдарламасы аясында аудан ішілік маңызы бар 10 автомобиль жолдарына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қаратал ауданы бойынша 28 автобус аялдамаларын орнату бойынша, ашық конкурс нәтижесінде «RusStroy» ЖШС-гі жеңімпаз атанып, ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап, аялдама орнату жұмыстары жүргізілді. Қазіргі күнге жұмыстың 90 пайызы аяқталды» – деген аудан әкімі әлеуметтік салада Ұлттық жоба шеңберінде 328 адам (жоспар – 342 адам) жұмысқа

орналастырылғанын да тілге тиек етті.

Білім беру саласында қыркүйек айында Үштөбе қаласында 100 студентке арналған 30 орындық жатақханасы бар колледж пайдалануға берілді. Онда заман талабына сай, облыста сұранысы бар мамандарды даярлайды (педагогикалық мамандықтар – бастауыш сынып және мектепке дейінгі білім беру. Келесі жылы шетел тілі, логопедия мамандықтары ашылады). Биылғы жылы ауданда екі мектеп күрделі жөндеуден өткен. Оның біреуі Кәлпе ауылындағы орта мектебі, екіншісі демеушілер есебінен Үштөбе қаласындағы К.Тоқаев атындағы мектеп. 2024-2025 жылдарға арналған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Үштөбе қаласында оқушы орындарының тапшылығын ескере отырып, көпшілік ата-аналардың сұранысы бойынша С.Морозов атындағы №51 мектеп-гимназиясы жанынан жаңа 600 орындық мектеп салу жоспарланып отырған көрінеді.

«Жас келсе іске, кәрі келсе асқа» деп бабаларымыз айтқандай, ауданды басқарып отырған жас әкімнің алғырлығы мен іскерлігіне ел-жұрт дән риза. Берекесі ұйысқан, ынтымағы артқан аудан жайлы әлі де айтарымыз, жазарымыз да көп. Мұны алдағы күндердің еншісіне қалдырдық.

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 25 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.30, 05.30«Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 02.05 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Қилы күндер»
12.20, 20.30 Т/х«Құдаша қыз»
13.10 Т/х«Құдаша қыз»
13.30, 03.40 «Өмір көркем»
14.30, 05.15 «Отандық брэнд»
14.45 «Ақорда»
15.15 «Апта»
16.05, 04.35 «Бізбен бірге...»
17.00, 01.05 «Ашық алаң» ток-шоу
21.25 Телехикая «Алданған арман»
22.25 Телехикая «Күйеу бала-2»
23.20 «1001 түн»
00.20 «Көңіл толқыны»
02.35 «Сана»

ХАБАР

05.00 Х/ф «Алоха»
07.00 «Оян!»
10.00 «Мектеп»
10.30 Мультфильм
11.35 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Шерлі жүрек»
14.00, 21.45 Т/х «Қимылдама»
15.00 «АйнаLine»
16.00, 23.30 Сериал «Идеальная жертва»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.30 «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.30,21.00 «Осман-3»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
12.40 «қаңтар:сынақ пен сабақ» деректі фильм
13.00,00.00 Т/х «Дастан»
14.00, 00.50 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 Т/х «Өз үйім»
15.30 Сериал «Королева игры»
17.50 Сериал «Сиделка»
20.00 «Астана таймс»
22.20 «Лакшми» үнді т/х
02.10 Т/х «Айнұрдың арманы»
01.40 «Көру керек!»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити»
07.00,03.20 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
10.55 «Давай поженимся!»
11.45 «Мужское/Женское»
12.40 док. Фильм «Кунаев от Сталина до Горбачева»
14.00, 01.35 Новости
14.15, 01.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.50 Басты жаңалықтар
19.00, 02.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент-3»
00.45 Сериал «Конец невинности»
04.05Т/х «Эмма»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00 Т/х «Құпия қобдиша»
11.00 «Парад юмора»
13.40 Мелодрама «Посторонняя»
16.00 Мелодрама «Разница в возрасте»
17.10 Мелодрама «Большая надежда»
19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Заполярный вальс»
00.20 Крим.детектив «Стражник»
02.50 Детективная драма «Тверская»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 Д/ф «Өркениет ғажайыптары»
10.05 «Әсем әуен»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 М/ф «Татонка»
12.00 «Әсем әуен»
12.30 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ел мен жер»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 Әзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00, 21.00 Т/х «Чукур»
10.00 Сериал «Немного женаты»
11.10 «Тайм вайн»
12.10 «Tik-Tok» шоу
12.50 Мультсериал
13.10, 14.50 Анимационный фильм
17.10 Кино «Терминатор. Темные судьбы»
20.00 Информбюро
23.00 Кино «Такси»
01.00 Кино «Три брата»
03.50 «31 әзіл»
04.10 «1001 әзіл»
04.20 Bala Battlle
04.40 Ватсап
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.45 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тақиясыз періште»
07.30, 23.00 «Айна онлайн»
08.00, 00.20 Т/х «Бастық боламын»
09.30 «Қызықты weekend»
10.30 «Ваттл сөз»
11.10 Х/ф «Келинка тоже человек»
13.10, 01.10 Шоу «Маска»
15.00, 22.10 Т/х «Құзғын»
16.00 «Әзіл тайм»
17.10 «Бұл өмірде»
17.40 Сериал «Испытание»
19.50 Х/ф «Все пары делают это»
21.45 Сериал «Аппақ келін»
23.30 Т/х «Аяла мені»
02.40 «Келесі кім?»
03.10 «Япырай»
04.00 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 26 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.35 «Жәдігер»
06.30, 10.00,13.00, 15.00, 20.00, 02.05 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 20.30 Т/х «Құдаша қыз»
13.10 Т/х «Құдаша қыз»
13.30, 03.40 «Өмір көркем»
14.35«Білімге апарар жол» арнайы жоба
15.15 «Қызық екен...»
16.10, 04.55 «Бізбен бірге...»
17.00, 01.05 «Ашық алаң»
21.25 Телехикая «Алданған арман»
22.25 Т/х «Күйеу бала-2»
23.20 «1001 түн»
00.20 «Көңіл толқыны»
02.35 «Сана»
05.35 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
07.00 «Оян!»
10.00 «Школа»
10.30 Мультфильм
11.50 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х «Шерлі жүрек»
14.00, 21.45 Т/х «Қимылдама»
15.00 «Айналайн»
16.00, 23.30 Сериал «Идеальная жертва»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.30 «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.30,21.00 «Осман-3»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
13.00, 00.00 Т/х «Дастан»
14.00, 00.50 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 Т/х «Өз үйім»
15.30 Сериал «Королева игры»
17.50 Сериал «Сиделка»
20.00 «Астана таймс»
22.20 «Лакшми» үнді т/х
01.40 «Көру керек!»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити»
07.00, 03.20 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.05 «Давай поженимся!»
12.00 «Мужское/женское»
13.00, 00.45 Сериал «Конец невинности»
14.00, 01.35 Новости
14.15, 01.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.50 Басты жаңалықтар
19.00, 02.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент-3»
04.05 Т/х «Эмма»

КТК

07.05, 19.30, 04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00 Т/х «Құпия қобдиша»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00 «Было дело»
11.10, 00.20 Крим.детектив «Стражник»
13.10, 21.40 Мелодрама «Заполярный вальс»
16.00Мелодрама «Разница в возрасте»
17.10 «Большая надежда»
20.00, 03.45 «Астарлы ақиқат»
03.00 Детекивная драма «Изгой»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 М/ф «Татонка»
12.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Ғасырлар сарыны»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Туынды тарихы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 Әзіл студио
07.00, 20.00 Информбюро
08.00,21.0 0 Т/х«Чукур»
10.00 Сериал «Немного женаты»
11.10 «Time Vine»
11.30 «Тик-Ток» шоу
12.00, 14.20 Анимационный фильм
16.00 Кино «Такси»
18.00 Кино «Такси-2»
23.00 Кино «Общак»
01.20 Кино «О, Мариям, Мариям»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
04.30 Ватсап
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.45 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.30, 23.00 «Айна онлайн»
08.00, 00.20 «Бастық боламын»
09.00, 17.40 Сериал «Испытание»
11.10 Х/ф «Все пары делают это»
13.10, 01.10 Шоу «Маска»
15.00, 22.10 Т/х «Құзғын»
16.00 «Әзіл тайм» 23.00 Т/х «Саған сенемін»
17.10 «Бұл өмірде»
19.50 Х/ф «Любовь, свадьбы и прочие катастрофы»
21.45 Т/х «Аппақ келін»
23.30 Т/х «Аяла мені»
02.40 «келесі кім?»
03.10 «Япырай»
04.00 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 27 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 10.00,13.00, 15.00, 20.00, 02.15 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қиылы күндер»
12.20, 20.30 Т/х «Құдаша қыз»
13.10 Т/х «Құдаша қыз»
13.30, 03.50 «Өмір көркем»
14.35 «Әйел әлемі»
15.15, 05.25 «Қазақ тазысы» деректі фильм
16.00, 04.45 «Бізбен бірге»
17.00, 01.15 «Ашық алаң»
21.25 Телехикая «Алданған арман»
22.25 Т/х «Күйеу бала-2»
23.20 «1001 түн»
00.20 «Көңіл толқыны»
02.45 «Сана»

ХАБАР

05.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
07.00 «Оян»
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.30, 10.40 Мультхикая
12.00, 20.00 Т/хШерлі жүрек»
14.00 «Айнаонлайн»
15.00, 21.45 «Қимылдама»
16.00, 23.30 Сериал «Похищение Евы»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.30 Сериал «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.30,21.00 «Осман-3»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
13.00, 00.00 Т/х «Дастан»
14.00, 00.50 Т/х«Ессіз махаббат»
15.00 Т/х «Өз үйім»
15.30 Сериал «Королева игры»
17.50 Сериал «Сиделка»
20.00 «Астана таймс»
22.20 «Лакшми» үнді т/х
01.40 Т/х «Көру керек!»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити»
07.00, 02.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.05 «Давай поженимся!»
12.00 Мужское/женское
13.00, 00.10 Сериал «Конец невинности»
14.00, 01.10 Новости
14.15, 01.25 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.25 Басты жаңалықтар
19.00, 01.40 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Заложница»
03.35 Т/х «Эмма»

КТК

07.05, 19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00 Т/х «Құпия қобдиша»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00, 02.05 «Было дело»
11.10, 00.20 Детектив «Стражник»
13.10, 21.40 Мелодрама «Заполярный вальс»
16.00 Мелодрама «Разница в возрасте»
17.10 «Большая надежда»
20.00, 03.45 «Астарлы ақиқат»
03.00 Детектив «Изгой»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Ғасырлар сарыны»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Туынды тарихы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Архивтегі ақиқат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 Әзіл студио
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 21.00 Т/х«Чукур»
10.00 Сериал «Немного женаты»
11.10 «Тайм вайн»
11.30 «Tik-Tok» шоу
12.10 Мультсериал
12.20, 14.00 Анимационный фильм
16.00 Кино «Такси-2»
18.00 Кино «Такси-3»
23.00 Кино «Дыши во мгле»
01.00 Кино «Дуагер»
02.40, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.45 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.30, 23.00 «Айна онлайн»
08.00, 00.20 «Бастық боламын»
09.00, 17.40 Сериал «Испытание»
11.10Х/ф «Любовь, свадьбы и прочие катастрофы»
13.10, 01.10 Шоу «Маска»
14.00 «Қыздар-ай»
15.00, 22.10 Т/х «Құзғын»
16.00 «Әзіл тайм» 23.00 Т/х «Саған сенемін»
17.10 Т/х «Бұл өмірде»
19.50 Х/ф «Жена онлайн»
21.45 Т/х «Аппақ келін»
23.30Т/х «Аяла мені»
02.40 «келесі кім?»
03.10 Т/х «Япырай»
04.00 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

ҮШТӨБЕДЕ ЖАҢҒЫРТЫЛҒАН ХҚКО АШЫЛДЫ

ҚАРАТАЛ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ ҮШТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ЖАҢҒЫРТЫЛҒАН ХҚКО АШЫЛДЫ.

Жаңа ғимараттың ашылу салтанатына аудан әкімі Ұлан Досымбеков, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменті басшысының орынбасары Айнұр Мейірханова қатысты.

Айта кетейік, бұл – Жетісу облысындағы екінші жаңғыртылған ХҚКО болып табылады. Орталықтың барлық жаңа цифрлық кеңселері азаматтарға ыңғайлы болу үшін заманауи жабдықтармен және жайлы жиһаздармен жабдықталған. Сонымен қатар, жаңа цифрлық кеңседе дәстүрлі мемлекеттік қызметтерден басқа, 10 минут ішінде қызмет алуға болатын жылдамдық аймағы, әлеуметтік қызметтер бөлімі, оператордың көмегінсіз келушілер қажетті қызметті, оның ішінде ЭЦҚ-ны өз бетінше ала алатын жайлылық аймағы бар. Өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында оператордың көмегінсіз қызмет алу үшін ноутбуктер орнатылған. Сондай-ақ, осы аймақтарда қызметкерлер азаматтарды цифрлық сауаттылыққа үйретеді.

Өз сөзінде Мемлекеттік корпорацияның Жетісу облысы бойынша филиал директоры Самат Иманғалиев: *«Қаратал ауданында 46 мыңға жуық азамат тұрады. Жаңғыртылған ХҚКО-ға күніне 300-ге жуық клиент келеді деп болжануда. Орталықтың жаңа дизайны мен аймақтарға бөлінуінің арқасында қызметтерді алу одан да ыңғайлы болады»*, – деді.

Жетісу облысында 10 Халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Ағымдағы жылдың соңына дейін Талдықорған қаласында тағы бір жаңғыртылған ХҚКО ашу жоспарлануда.

Жыл басынан бері облыстың ХҚКО-тарында азаматтарға 432 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

ТАНЫМ

ТЕОЛОГ МАМАН ӘСКЕРИЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

2022-2024 жыл аралығына арналған «Өмірді сақта» құқық бұзушылықтардың алдын алу бағдарламасы негізінде Жетісу гарнизоны әскери полиция бөлімінің өкілдері Жетісу гарнизонындағы әскери бөлімдерде алдын алу шараларын өткізді.

Шараға Жетісу облыстық дін істері басқармасының дінтанушы психолог маманы Қанат Мүтебаев және Каратал аудандық мешітінің найб имамы Жасұлан Дюсенбенов арнайы шақырылып, жеке құраммен кездесті.

Кездесуде қатысушыларға ислам дінінің тарихи маңызы мен қазақ руханиятындағы алатын орны жайлы және жат ағымдарға ермеудің алғышарттары мен олардан келетін қауіп-қатерлер жайлы сөз етіліп, жастардың діни сауатына баса мән беру керектігі айтылды. Сондай-ақ, «Террористік актілер және олармен күрес» тақырыбында әзірленген бейнеролик көрсетілді. Қатысушыларға терроризм мен діни экстремизм және деструктивті діни ағымдар туралы толық түсінік берілді

Алдағы уақытта да көпшіліктің көңілінен, зердесінен орын алатын бастамалар мен шаралар өз жалғасын табатын болады.

Еламан САЙЛАУОВ,
Жетісу гарнизоны баспасөз қызметінің сержанты.

МЕКТЕБІҢДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ КӨЛЕҢКЕ ТЕАТРЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ҚОЙЫЛЫМЫН ҰСЫНДЫ.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ҚОЙЫЛЫМ

Зияткерлер егеменді елдің қалыптасу тарихындағы маңызды оқиғаларды көрсетті.

Көлеңкелі театр 1723 жоңғарлардың қалың әскері кенеттен қазақтарға шабуыл жасап, олардың территориясының едәуір бөлігін басып алған үлкен апат жылдарын, 1771 жылы Абылай хан үш жүздің ханы болып жарияланған жылдарды және бірінші, екінші дүниежүзілік соғыс оқиғаларын паш етті. Сонымен қатар Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» поэмаларының жарыққа шыққанын баяндайтын эпизод та назардан тыс қалмады. Адамның ғарышқа алғашқы ұшуы және 1991 жылдан бүгінгі күнге дейінгі қарқынды дамып келе жатқан тарих та көрсетілді.

Қазақ халқының қиын-қыстау жолы, ұлтаралық достық және талантты жастары бар қазіргі Қазақстан туралы елеулі оқиғалар театр төрінен орын алды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

КІТАПХАНАДА

«ҚАЗАҚТЫҢ ХАНЫ АБЫЛАЙ» АТТЫ ТАНЫМДЫҚ КЕШ ӨТТІ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНДА АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ТУҒАНЫНА 310 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ «ҚАЗАҚТЫҢ ХАНЫ АБЫЛАЙ» ТАҚЫРЫБЫНДА ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ КЕШ ӨТКІЗІЛДІ.

Абылай ханның өмірі мен қызметін насихаттауға бағытталған танымдық іс-шараға тарихшылар, ұстаздар, оқушылар қатысты. Кеш барысында тарих пәнінің мұғалімі Н.Жұмағұлова «Абылай хан туралы тың деректер» атты тақырыпта баяндама жасады.

Іс-шара оқушылардың бойына отаншылдық сезімін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Кеш барысында қазақтың біртуар ханы Абылайдың өз халқының адал ұлы, теңдесі жоқ хан болғандығы, жас ұрпаққа қалдырған тәрбиелік мәні терең насихатталды.

Сұңқар Ынтымақ
Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының бөлім меңгерушісі .

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

ҚОЙ БАҚҚАН БАЛЕРОН

Секеңдеп би билегендерді жаны сүймейтін, шошаңдап жүрген қыздардан іргесін аулақ салатын, ауылға анда-санда әртістер келіп, басына үкілі тақия киіп ап «Қамажайға» мың бұралғанда түкірігін жұтып, тамсана қараған жұртқа «мыналарға не көрінді сонша» деп таңқалатын. Мұздыбайға қолапайсыз қимылдың бәрі жасанды боп көрінетін, онан да қара қойды «шүу» деп бір қайырса көңілі марқайып, жауырыны жонданып шыға келетін. Ал, бүгін ойламаған жерден бір бәлеге жолықты. Жан дауасы - жасыл жайлауынан алып кетіп, тыржалаңаш моншаға түсіріп, тықыр алынған шашына қара бояу жағып, он екі мүшесін қылау қалдырмай жуып-шайды. «Нағыз Мұздыбай енді болдым-ау» деді айнадан өзін көріп тұрып. Бірақ, жүрек тұсы шым етіп шаншып кетті. «Осының бәрі не үшін керек болды екен? Түрмеге қамамайтын шығар? Тойға апарар ма екен? Той Мұздыбайды неғылсын. Тіпті, екі жыл бұрын «колхоздың қойын шығынсыз шығарып, жүнді сыпыра қырыққаны үшін» деп мақтау қағаз берерде: «Бұл Мұстафа Шоқайдың туысы ғой, екеуі немере» деп біреулер күбірлеп, мақтау қағазды кері қайтарыпты. «Атасына нәлет, сол қатырма қағаздың, менің тойырқанып мүжіген тоқпан жілігіме татымайды. Бұл не сонда? Жер түбіндегі орыс қаласында оқыған Мұстафаны ел-жұртына қарсы дей ме екен? Әйтеуір бір жақсы атын естіген жоқпыз, қара есекке теріс мінгізеді де қояды. Ол кісі Петерборда оқығанда мен асық ойнап жүрген баламын. Тәуірдің артынан сөз ереді, әйтеуір жамандығын көрмесек екен. Онан да тамаққа бір тойғызса екен мыналар. Моншаның ыстық буы іштегінің бәрін сорып алды ғой». Жүз жиырма шақырым Ақмешітке келіп қонақтаған Мұздыбайдың іші ұлып тұр. Күн де шекені тесердей боп шақырайып тұрып алды. Қазір майлы сорпаны сораптап ішіп, соңынан бір сапар кесе толы сұйық айранды тартып алатын мезгіл емес пе? «Мен осы неғып жүрмін? Қамап тастамас па екен? Аты-жөнімді әрең жазатын мені түрме неғылсын. Бірақ, ауылда кетпен шапқан қатындарды да, аңызда масақ теріп жүрген кемпірлерді де қамап тастап жатыр. «Халық жауы» деген бір желеу шықты, халқына жау болды деген не сұмдық? Біреуде біреудің не шаруасы бар? Бір қатыным мен бес балам аман болса екен, қатынның аяғы ауыр, биыл тағы ұл тапса Жүндібай қоям атын, дәл қой қырқымға тап келіп тұр. Қырқым қызып жатқан кезде бұл не қырсық болды өзі?» деп ешнәрсеге түсіне алмай үстіне кигізген судай жаңа кәстөм-шалбарын алақанымен бір сипап, мойнын қысып, кіндікке дейін салбыраған жіңішке шүберекті шешіп тастағысы кеп ұстай бергенде, «Боқаев!» деген өктем дауыстан селк етті. Өзін ауылдан ертіп келген сыптығыр жігіт көз астымен қарап тұр, сірә, шала қазақ болса керек, тілін бұрап сөйлеп: «Кеттик, тамақ ишемиз», – деді.– Әбеке, мені мұнда не үшін әкелдіңіз? – деді шай үстінде ныспысын жалпақ тілмен атап.– Би билейсиң,балетте ойнайсиң.

– О не бәле?

– Көресиң.

Ақыры, өзін қалап алып, пәлен шақырым жерден ат арытып келіп, қыз көруге барардай құнттап киіндіргенде алдына қойдың жамбасы мен асықты жілік тартар деп дәмеленіп еді, сумаңдаған сұлу қыз бетінде жапырағы қалқыған бір тәрелке капуста көже әкелді. Қасына қол басындай қиғаш ыдысқа салып, бір қасық қаймақ қойды. Қасындағы серігі қаймақты қасық ұшымен түртіп ап көжесіне қосып жіберді. Бұл да көргенін істеді. Капуста көже жұмырына жұқ болмады, тамағынан өткенмен асқазанына барып жайлы қоныс таба алмады, асқазан сол күйі бос қалып, өзін қаңбақтай жеңіл сезініп отыр. Сосын мылжа-мылжа ғып езілген бір тұтам ет әкелді. Дәм дейтін дәм жоқ, сірә, тұз салуды ұмытып кетсе керек, қасында баланың саусағындай жіп-жіңішке кәртөшке. Мұны да жеп жаны сүйсінбеді, тәрелкедегі тілім-тілім қара нан ғана қарнына қағажу болды. Енді майлықпен бүркеп әкелген бір шәйнек шәйға бассалды, сүті жоқ, шәмбісі бетіне шыққан қаракүрең шәй.

– Шайды көп ишпеңиз. Сиз ұзақ тренировка жасайсиз, қуығыңыз таза тұру керек, – деп серігі тағы бір ескерту жасады.

Мұздыбай туған жерінің қадірі мен туған түтінінің дәмін енді ғана сезінгендей құлазып, үн-түнсіз қалды. «Сонда мыналар мені не істемекші? Жылда бір қошқарды бағып-семіртіп, күз түсе сойып алушы едім. Алдына күнжарасы мен көк майсасын аямай салушы ем. Қошқар да қалды тасы салбырап. Мені тәуір киіндіріп, ашқұрсақ ұстап, қайда апармақшы екен. Бір құпия дүние. Осы Мұстафа көкемнің салқыны емес пе екен? Мен ол кісіні сезейген шағымда көрген де емеспін. Бірақ, әлі ол кісі туралы бір ауыз сөз сұраған жоқ. Сұрай қалса, не деймін? «Иә, әкелеріміз немере туыспыз» деймін. Туыстықты Құдайдан жасыра алмайсың. Менің әбден болдыртып отырғанымды сезер ме екен мына қырт? Қайран қара қойым, сенің алқымыңа пышақ тигізерде «жаның құдайы, жануар!» деп күбір етуші едім, сол қара қойдың киесі ме екен мені осылай қинап қойған? Бір кесек етің бір күндік қуат еді, мыналар неше тәрелке капуста көже берсе де, қарным шұрылдағанын қояр емес».

– Болдиңиз ба? – деді жұқалтаң сары бағжиып.– Болмағанда...

– Онда кеттик.

Тапал «Победа» құйындатып, бір көнелеу қызыл үйдің алдына келіп тоқтады, төрт сыныптық сауатпен маңдайшадағы жалғыз сөзді ежелеп екі бөліп оқып, «Теа-тр» деп күбір етті. «Теа-тр». «Сонда бұл әлгі ақын Нартайлар терме айтып, бишілер билейтін той-думанның орны болғаны ма? Сірә, бүгін әртістер кәнсерт қоятын болар. Енді маған соны көрсететін шығар». Мұздыбайдың ойлағанындай болмады. Құрқылтайдың ұясындай бөлмеге әкеп шешіндіріп, бұтына қыры жоқ сыптай жұмсақ шалбар кигізді. Шалбар тарлық қып, резеңкесі шіреп, жуан қарнына жетпей қалды.

– Чабан, – деп бағжия қарады киім беруші орыс әйел. Бұл ішін қатты тартып, қарнын қайта жібергенде резеңке бырт етіп үзіліп кетті. Әйел киім ілгіш жаққа қарап, тағы да орысшалап еді, сыптығырдай қазақ қыз аузын басып күліп, тағы бір қыры жоқ кеп-кең шалбарды ұстай келді. «Мынау дұрыс, үйдегі ақ дамбалыма келеді екен» деп, резеңкесі бырт етіп үзілген шалбарды шешіп беріп, даланданған кең балаққа аяғын сұқты. Орыс әйел қымсынайын демейді, жалаңаш денесіне бақырайып қарап отыр. «Оу, еркектің тәніне ұрғашы үңіліп қарауға бола ма екен?»

– Нормально? – деді әйел.

– Көріп тұрсыз ғой, – деді Мұздыбай.

Сосын тағы бір бөлмеге кіргізді. Ұзын жіптің өнбойына бұжыр-бұжыр сан жазылыпты, сол жіппен бойын өлшеді, бірақ өлшеуші әйел тырс етіп үндеген жоқ. Өзі қазақ екен, «1-де 70» деп күбірлеп, тілдей қағазға түртіп қойды. Мұздыбай оның артық сөз айтпағанына қуанды.

Анадай жерде гір тасы зіл тартып, таразы тұр. Кәдімгі дүкендегі ет тартатын таразы. Әкесі сойған қойдың етін құшханаға өткізуге апарғанда бұндай таразының талайын көрген. «Енді осыған мені салып өлшемекші ме?» «Таразыға тұр», – деді бұл жердегі әйел баяу үнмен. Таразыға аяқ тигізгенде-ақ гір тасының бір басы қайқаң етіп жоғары ытқып кетті.

– 183. Қойдың етін көп жегенсіз-ау деймін. Сізге салмақ қуу керек.

Қойдың етін жесе де, сиыр етін жесе де, әйелдің қазақша сөзіне іші жылып қоя берді.

– Оны қалай қуам?

– Тамақты аз ішіңіз, ет жемеңіз, – деп күлімсірей қарады. Күлімсірегені қандай әдемі, қосағы Күнімай күлімсірегенде езуіне осындай бір шұңқыр пайда болатын.

– Ет жемей қалай күн көреміз? Ет еркекке қуат бермей ме?

– Сізге қуат емес, қимыл керек, – деп тағы да күлімсіреді.

Іші удай ашып, жөпелдеме жауап берді.

– Қуатың болмаса, қалай қимылдайсың...

Келіншек бұ жолы сықылықтап қоя берді.

Осы сәт өзінің жолбасшысы жұқалтаң сары Көктен түскендей шыға кеп, «Болдыңдар ма?» – деді қабағын түйіп. Келіншек түртінектеп жазған қағазын қолына ұстатты. Жұқалтаң сары шұқшиып бір қарады да, бұған атып жіберердей оқты көзін тікті.

– Сен де бір бәле болдың ғой. Салмақ қуу керек.

– Қалай?

– Қалай болушы еді, бүгіннен бастап кашаға отырасың.

– О не пәле? – деп үрейлене қарады. Осы жолы шын қорықты. Бұған дейінгінің бәрін әшейін жүрдім-бардым нәрсе деп ойлап еді, «кашаға отырасың» деген сөз «түрмеге отырасың» дегендей көңіліне күдік ұялатты.

– Әбеке, қайда отырасың дедіңіз?

– Кашаға дедим ғой, – деді анау булығып. – Бір жетіде кеми қырық кели тастауың керек. Әйтпесе би қайда саған.

– Ол не сонда?

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

– Ботқа жейсиң, – деді ызаланып.

Мұздыбайдың көз алдына майбөкпенге бас қойған бес баласы елестеп кетті де, мына сөзден шынымен сескенейін деді.

– Жүр!

Жолбасшының соңынан еріп кең залға кірді, мұнда қасындағы жұқалтаңнан да өткен татар шатыс, өнбойында бір міні жоқ, сыптай киініп, сымдай тартылған тарамыс жігіт қарсы алды.

– Мынау, – деді серігі. – Уақыт бір апта. Бір айда балерон боп шығуы керек.

– Қайдам, – деді тарамыс жігіт Мұздыбайдың спорттық шалбарды шіреп тұрған тырсиған қарны мен шомбалдай иығына қорқасоқтай қарап.

– Қайдамды қойыңыз. Бұл партия тапсырмаси. Орындау керек.

Тарамыс жігіт осындағы би үйірмесінің жетекшісі әрі беделді балетмейстер еді.

– Сіз әуелі залды айналып он круг жасаңыз? – деді бұған күлімсірей қарап. Өзі басқа жақтан келсе керек, Сыр бойында мұндай мейірімді, сыптығыр сырдан жоқ. «Астана болғасын бәрі бір жерге жиналады ғой» деп өзіне-өзі жауап берді.

– Ал, жүгір!

Мұздай тақтайды майтабанымен басып, екі айналғанда-ақ ентігіп қалды. Бала күнінде қуыспақ ойнағанда қашқанды құтқармайтын желаяқ еді, сол желаяқтығы енді қара қойдың етімен бірге қарнында бұғып қалған секілді. Өкпесі өшіп, ырсылдап, үш айналғанда-ақ тілі салақтап, аузы кеберсіп, бір тамшы су тілеп тұрып қалды. Оның үстіне тақтай еденді жалпақ табанымен басқан сайын сыздан бетер суық миынан бір-ақ шықты. «Тақтай да осындай мұздай болады екен-ау? Жұқа болса да аяғыма бір нәрсе кигізбей ме екен?» Бес айналғаннан кейін алқынып тұрып:

– Әбеке, бір жұтым су ішейінші, – деді ентігіп.

– Су ішуге, тіпті, болмайды. Суды тренировкадан кейін бір-ақ ішесің, – деп тарамыс жігіт басын шайқады. – Сіз балет билеп жүргенде кім су әкеп береді.

– Ең болмаса, аяғыма ілетін бірдеңе берсеңдерші. Мынау тақтайдың сызы миымнан бір-ақ шықты ғой, – деді әрең сөйлеп.

– Болмайды, ережеге сай келмейді. Алғашқы үш жаттығу жалаң аяқ болу керек. Оның үстіне сіз майтабансыз.

– Сонда мені не істемексіңдер?

– Балерон ғып шығарамыз, – деді күлімсіреп.

«Уһ, осы жүрісімді Күнімай көрсе ғой, ішек-сілесі қатып күлер еді».

– Неше айналым қалды?

– Әлі жартысы бар.

– Жартысы... – дей бергенде, Мұздыбай сүрініп кетіп, етбетінен түсті. Өзі денелі болғанмен бітімі осал екен, мұрттай ұшып, мұрнынан қою қан сау ете қалды.

– Фельдшер! – деп дауыстады қасындағы серігі.

Көзін ашқанда аққа малынған бір әйел жуан білегін кенеппен тартып тастап, қан қысымын өлшеп отыр еді.

– Чуть-чуть повыше. Зачем мучаете человека, – деді дәрігер әйел жыланша ирелеңдеген резеңке шылбырды жинап жатып.

– Я не виноват. Лучше помолчите, – деді сыптығыр серігі орысшалап.

Мұздыбай «бұлар ойлағанын істетпей қоймайды, осылардың айтқанына көніп, қатын-балама аман-есен қайтайыншы» деп орнынан тұруға әрекеттенді...

Осылай үш күн жүгіріп, қарнын босатты. Босамай қайтсін, жегені ақ ұнтақ быламық, ішкені бір стакан сүтсіз қара шәй. Мынау жұқалтаң сары қасынан бір елі кетпейді, «сірә мені ұрланып ет жеп қоя ма деп күдіктенетін болу керек». Кеше «Әбеке, ең болмаса екі түйір ет жейін де, қарын шұрқырап кетті ғой» деп еді, анау кәрін төге қарады.

– Үш-ақ күн қалды. Сен үш күннен кейін биге шығуың керек. Әлі бес-ақ келі салмақ тастадың. Үш-ақ күн. Не деген бәлесің өзің?

– Сүйегім ауыр ғой.

Ет сұраймын деп басы бәлеге қалды. Жүгіріп, оң мен солға бұрылғаны баланың ойынындай екен, енді жатар орын мен таңертең ерте отыз рет отырып-тұруды күнтізбеге қосып қойды. Жұқалтаң қасында жатады, сірә, қашып кетеді деп қауіптенсе керек. «Қашып қайда барам. Мен шетел асатын Мұстафа көкем сияқты оқыған емеспін ғой». Отырып-тұрғанда «бір-екі, бір-екі» деп санап, жүйкесіне тиетінін қайтерсің. «Отыр, толық отыр, немене гаршоққа отырып көрмегенсің бе?» деп естімеген сөздерді де қосып қояды. «Маған ненің гәршәгі. Біз айқай далада талтайып отырған қазақ емеспіз бе» деп іштей жауап берді. «Аузымнан сөз шығармайын, мұнан да зорын көрсетіп жүрер» деп сескенді.

Кеше көгілдір шәпке киген біреу келді. Кереуетте сәл тыныстап жатыр еді, екеуі орысша сөйлесті. Түсінбесе де, жоғары жақтан бір тықыр барлығын көңілі сезіп қалды. Екеуінің әңгімесі қазақша айтқанда мынаған саятын:

– Қалай боп жатыр? Бір апта өтті ғой.

– Азамат бастық, бір аптада бес келі салмақ тастады. Күнде жаттығу. Енді бес күнде биге шығуға жарап қалады.

– Тездет, тездету керек! Бізге нәтиже керек. Біздің делегация Парижге 30-июнь күні аттанады. Бұл белсенді, қара танцор... – деп сөзін жұтып қойды да, – анау-мынау емес, Плисецкаямен бірге барады, – деп жамбасындағы тапаншасын бір сипап, есіктен шығып кетті.

Мұздыбай бас-аяғы он бес күнде аяқ ұшымен секектеп жүрер көлде қалқыған аққу болмағанмен балеронның жұқа киімін қиналмай киетін етжеңдінің сапына енді. Қарын тұсы әлі де бұлт-бұлт еткенмен ішін тартқанда сахнаға көз тіккендердің жанарын арбайтын тұлғалы жігіттің сойы боп шыға келді. Алдыңғы қатарда жортақтаған биші болмағанмен көпшілік қауымның ортасында көзге көрініп тұрар кейіпкердің бірі боп қалды. Быламық пен қара шайға да үйренді, тіпті, таңертең быламық жегісі кеп асқазаны бір жұмсақты тілеп тұратынын қайтерсің. Анда-санда қаракесек етті ойлағанда көңілі босап кетеді де, «ауылдағы бала-шағам мен Күнімай аман болса екен» деп елжіреген көңілін тез қатайтып алады. «Осыдан үйге аман-есен жетсем бәрін де ұмытып, бір табақ етке армансыз қол салармын» деп тамсанып та қояды.

Кешеден бері тағы бір сымдай тартылған тарамыстың қармағына ілікті. Жүгіру мен отырып-тұруға жылап көрісетін күн туды, әлгі неме белтемірге асып қойып, тізесін қолымен күштеп бүгіп-жазып, топ-томпақ қос балтырын бір-біріне майыстырып қосып, жанын көзіне көрсетті. Аяғына жұп-жұқа үлбіреген нәски кигізді, өмір бойына киіз текемет басқан табаннан өткен суық тағы да шекесінен бір-ақ шықты. Топан аяқ пен майлы табан не көрмеген, бұған да көндікті, бала күнінде табаны тиген жиденің тікені бырт-бырт сына беретін, бірақ мына тастай еденнің суығы көкірегін мұздатып, тұлабойын қарып өтті. «Оу, қара тікен боз топырақтың өскіні болса, мынау тақтай еден – қу ағаш. Мына мен де қызыл тілім болғанмен сол қу ағашпен бірдеймін ғой. Қызыл тілім болғанмен жарытып сөз айтып жүрмін бе? Мені тыңдайтын құлақ бар ма? Әйтеуір атын білмеген адамды жалпақ тілмен «Әбеке» деймін, бұ жолы да: «Әбеке, тізем сыздап кетті, сәл демалайыншы» деп еді, анау баж ете қалды.

– Болмайды, сенің аяғың талтақ, соны түзетуіміз керек. Түрегеп тұрғанда екі аяғың қыздың аяғындай бір-бірімен қосылып тұру керек.

– Әбеке, маған ненің қызы... Есектің үстіне артылып, талтайып ат мінген қазақ емеспін бе?

– Көп сөздің қажеті жоқ. Итак, уақыт аз қалды, – дегенде, шошаңдап аяқ ұшымен жүріп, қазақша сөйлегеніне іші жылып қалған жігітіңнің жан сарайы тастай суық екен. «Көп сөздің қажеті жоқ» дегенде, танауы қусырылып, біздей мұрнының ұшы қызарып кетті. «Сірә, бір нәрседен сескенеді-ау деймін. Қайтсін, бұ сорлыға да бала-шағасын асырау керек шығар» деп әсіре қазақылықпен өзін ысырып қойып, өзгеге жаны аши бастады.

– Ойбай! – деп еркек басымен шыңғырып жіберді. Оң аяғымен тұрғызып қойып, сол аяғын тізеден қайырғанда, «енді балдақпен жүретін шығармын» деген сөз аузынан шығып, көз алдына бір қора қой көлеңдеп, «мә!» деп маңыраған қозы-лақтың жұғымды даусы құлағында ойнады. Табаннан өткен сыз тұлабойын түгел қарпып, басынан бір-ақ шыққанда тамағы қыр етіп, бір қақырып тастаған сілекейі тақтай еденге былш етті.

– Бүгінге осы. Тізең біртіндеп бүгіледі, сосын талтақ аяғыңды тартқаннан кейін аққудай секеңдейсің, – деді сылыңғыр серігі түк болмағандай.

Ақсандап басып, қонақ үйге жетті. «Енді қара шай болса да бір ұрттап, маңдай жібітсем» деп жұтынып қойды.

«Таңертең тағы да жанымды қинар ма екен?» деп қорқасоқтап жатқанда үстібастары аққа малынған екі келіншек кеп кереуетінен тұрғызбай қос балағын түріп, тізеден төмен темір етік кигізіп, шынжыр жіппен таңып тастады. «Мыналарың әй-шәй жоқ бас салғаны несі?» деген суық ой «Бұларың не?» деген сауал боп қызыл тілінен ытқып еді, «Тізеден төмен түп-түзу боп тұру керек, – деді қазақша сөйлеген келіншек. – Екі күн осылай жатасыз, тамақты әкеп береді», – деді де, бөлмеден шығып кетті. Бір мезет қос балтыры суық темір басқандай сыздай бастады. «Мыналар мені тегін тұсаулаған жоқ, бір жаққа жібермекші-ау деймін». Қос балтырынан арақтың мүңкіген иісі шығады, әлгінде сипалап бірдеңе жаққан сияқты ма еді? «Соны аяғыма жаққанша бір ұрттатса ғой, мына азаптан аз да болса жеңілдер едім. Атты тұсаулаушы едік, алысқа ұзамасын деп, мыналар мендей қазақты шідерін шеше алмастай ғып неге тұсаулап тастады екен? Жылқы шоқырақтап барып шөп жұлып жейді, мыналар...» дей бергенде, табаққа салып бір тостақ быламық пен бір стакан шай алып, сары шаш қыз кіріп келді.

– Обед дайын, – деді бетіне бағжия қарап.

Мұздыбай қара шай толы қырлы стаканды біреу алып кетердей апыл-ғұпыл қолын соза берді.

* * *

Темір етік кигізген сирағы түзелмеді, бұғанасы қатып кеткен еркектің жіліншігі тастай қатып, иілмеді. Әжесі «жалғызым» деп арқасынан түсірмей арқалап, талтақ боп қалған аяқ темірдің еркіне көнбеді, екі күннен кейін шынжыр жіпті шешкенде бір сантиметр де өзгеріс болмай Мұздыбайдың аяғы мұздай сіресіп тұрып алды, бала күнінде есектің бүйірінен түрткілеп, есейген шағында ер-тоқымның үстінде талтайып жүген жасқаған кәрі жілік сынбады.

– Ничего, массовкаға жарайды, аққу боп алға шықпай-ақ қойсын, – деді басқан ізін аңдыған би үйретуші серігі қасынан қалмай жүрген ең әуелгі ақылманына сыр айтып. – Бұл Парижге баратын болды ғой.

– Иә, тезірек кетсе екен...

Бірақ, Мұздыбайдың ұзын жолы күрт қысқарып, Парижге бара алмай орта жолдан қайтты. Қол-аяғын қанша түзеп, жанын азаптап, арам терін төккенмен қарау тірлік адалдың жағына қарай жығылды. Мұстафа Шоқай көкесі Парижден Берлинге қарай қоныс аударыпты. Кеңес елінің бишілері Парижге келсе, ел аңсаған саратан - Мұстафаның ет бауыры елжіреп, солар қайтқанша театрға түнер еді. Оның үстіне секеңдеп би билеп жүрген қаны бір Мұздыбайды көрсе, іші оттай жанып, сахнаға жүгіріп шығудан да тайынбас еді. Кешегі қой баққан Мұздыбайдың балерон боп қалқып жүргенін көріп, көзі тоймай, «ел іші түзелді деген осы шығар» деп таңдайын қағып, таңқалмай ма? Сонда бауыры: «Ел өзгерді, көріп тұрсыз ғой менің жүрісімді. Елге қайтыңыз, ағайынның да айтары осы, ел сіздің бір ауыз сөзіңізге зар боп отыр, өкімет те, халық та сіз десе ішкен асын жерге қояды» демей ме. Ең болмаса, елге бір көрініп, дұрыс сөзіңізді айтып кетпейсіз бе?» – деп қиылмай ма. Сөйтіп, алашшыл Мұстафаны белерон інісі іниге әкеп тықпай ма. Олар қиуын келтіре алмаған қисынсыз жобасын Мұздыбайға айтпады, Берлинге өтіп кеткен ұлтшылға құрған қақпан қағазға сызылған сурет күйінде қалды.

Бір күні түнде екі аяғын темір етік пен шынжыр жіптен босатып, керуетінде селт жатқанда кәнігі серігі келіп, «Кеттик!» – деді де, киім шешетін жерге бастап келді. Қасына көгілдір шәпке киген біреу ілесіп жүр. Салмағын таразыға тартып, бұжыр жіппен бойын өлшеген екі әйел ауылдан киіп келген шоңқайма етігі мен сырмалы шалбарын қайтып берді. Сыптай боп жабысқан шүберек шалбарды шешкенде жаны рахаттанып, тұлабойын жеңілдік баурап, жан-дүниесінен самал ескендей болды. «Бәрі осымен біткені ме?» деген бір күдік көкірегінде құмырсқадай жыбырлап тұрып алды. Кәнігі серігі бетіне күлімсірей бір қарады да, қасына ере келген көгілдір шәпкелінің қарауына берді. Өзі көңілді-ақ, Мұздыбайдан аман-есен құтылғанына қуанып тұрған сияқты. Ол: «Ал, қойшы балерон, осыған ырза бол» дей бергенде, көгілдір шәпке екі білегіне кісен сап, алдына сап айдап, мыжырайған тас түрмеге әкелді.

Қараңғы қапаста үш күн жатты. Әнеукүнгі екі мезгіл алдына қойған быламық пен екі стакан қара шай көзден бұлбұл ұшты. Тәулігіне бір тілім қара нан жеп, бір қалайы күрешке шай ішіп, төртінші күні қолына кісен сап, сұп-сұр мыржықы кірпіш кеңсеге әкелді. Иығында жұлдызы жарқырап, шіреніп отырған көгілдір шәпке киген месқарын алдындағы айқара ашылы дәптерге бір көз жүгіртіп, бұған екі езуі екі құлағына жетіп, мәз бола қарады.

– Қалай, Парижге бармай қалған қойшы балерон, салмақ тастадың ба?

– Көріп тұрсыз ғой, – деді тайсалмай.

– Мә, мына жерге қолыңды қой.

– Мен өмірі қол қойып көрген емеспін.

– Шимайлауды білетін шығарсың. Шимайлай сал.

Араб жазуы қиын еді, жазылуы мен айтылуы екі бөлек. Молдекең шыбықпен бір тартып, «Қ» әрпін айт дегенде, «Қо» дегені есінде қап қойыпты, сол әріптің сұлбасын қағазға түсірді.

– Барып, қойыңды бақ. «Аққу көлін» сенсіз де қоямыз. Сен бізді, біз сені көрген жоқпыз. Көрген-білгеніңді біреуге, тіпті қатыныңа айтатын болсаң, тауып алып, тағы да би үйретеміз, – деді.

– Мақұл, – деген сөз аузынан шығып кетті.

– Боссың. – Есіктен шығып бара жатқанда месқарын бастық ішек-сілесі қатып, темекі сасыған бөлмені тағы да дарақы күлкі көмкерді.

Мұздыбай мынау кірпішіне дейін сұп-суық мыржықы үйден шыққанша асықты. «Жұртқа күлкі ғып қойған Құдай-ай, қай ниетімнен таптым екен осының бәрін?» деп беталды безе жөнелді. Еңк-еңк етіп өксіп те алды. «Неге бізді күлкі қылады бұлар? Біз мал бағып, егін салғаннан басқа не жаздық? Тезірек бала-шағама жетейінші, Күнімайды көрейінші» деп табаны жерге тимей зытып келеді, қара жолдың әйтеуір отарба жүрер бекетке барып тірелерін біледі. Артына бір қарады. «Тағы да қуып жетіп, би үйретіп жүрмес пе екен?» Адалдың аяғы жеңіл. «Тезірек сол сұқсиған сұр үйден аулақ кетейінші» деп табаны жерге бірде тисе, бірде тимей қара топырақты борп-басып ентігіп келе жатты.

Қара рельсті қақ жарып, бақырып-шақырып, көмірдің түтініне көмілген қара парауыздың төбесі көрінді. «Тұмсығы біздің ауылға қарап тұр екен, тоқтай қалса жабысып, қызыл вагонның төбесіне қонжиып алайын. Аяғымды салақтатып отырып бір сағатта Шиеліге жетіп барамын».

Жайдақ вагонның төбесіне әкесінің үйіндей жайғасып алған Мұздыбай көзкөрім жерден маңдайшасы көрініп қалған қызыл кірпіш - сұрқылтай үйден басын бұрып әкетті. Өзі осы жерге неге келіп, неге кетіп бара жатқанын да білмейді. Ирелеңдеп, ырғалған пойыз үстінде отырып, «әйтеуір бәле-жаланың бәрі осы қара жолмен кетсе екен» деп Алладан тілеу тіледі. Жылы желге бетін тосып, Құлқулланы үш қайырды, Құраннан өзге жанына серік ештеңе таппады. Жүз жиырма шақырымды басып өтіп, бес балам мен Күнімайдың айдай жүзін тезірек көрсем екен деп алабұртқан Мұздыбайдың көңілі алай-түлей. «Осыдан бекетке жетсем, пойыз тоқтар-тоқтамастан жерге бір-ақ секірем» деп жылы желге бетін тосып, бекініп отыр.

Қуандық ТҮМЕНБАЙ
madeniportal.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВЫЕЗДНОГО ЗАСЕДАНИЯ

ОБСУДИЛИ ИТОГИ ГОДА И ИМЕЮЩИЕСЯ ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ

НА ПЛОЩАДКЕ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ ПРОШЛО ВЫЕЗДНОГО ЗАСЕДАНИЯ КОМИТЕТА СТРОИТЕЛЬСТВА И ЖКХ ПРЕЗИДИУМА НПП РК «АТАМЕКЕН», ГДЕ ОТРАСЛЕВОЙ КОМИТЕТ ПРЕЗИДИУМА НПП И БИЗНЕС АЛМАТЫ ОБСУДИЛИ ИТОГИ ГОДА И ИМЕЮЩИЕСЯ ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ В СФЕРЕ СТРОИТЕЛЬСТВА, - ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.

Открывая заседания, Председатель Комитета строительства и ЖКХ Президиума НПП РК «Атамекен» Ирина Манжанова рассказала о детальности комитета и достигнутых результатов за текущий год.

Так, совместными усилиями НПП Атамекен и отраслевых ассоциаций удалось достичь ряда положительных результатов в сфере строительства и земельных отношений, среди которых вопросы касающиеся корректировки БИПов, государственных закупок строительных

работ, проведения экспертизы проектов, вопросы автодорожного строительства и др.

При этом, спикер отметила наличие нерешенных вопросов, сдерживающих развитие сферы строительства, таких как: *отсутствие отраслевой программы строительной отрасли; снижение платёжеспособного спроса у населения на жилье; проблемные вопросы государственных закупок в строительстве; проблемные вопросы планирования, финансирования и реализации бюджетных инвестиционных проектов, нехватка машин и механизмов, необходимых для строительства объектов:*

Также на заседании председатель палаты предпринимателей города Алматы Нурсултан Шоканов рассказал о проблемах, возникающих у строительного сообщества города Алматы и положительно отозвался о инициативе членов Комитета строительства и ЖКХ Презилиума провести выездное заседание в городе Алматы.

«Мы очень рады, что сегодня заседание центрального отраслевого комитета Президиума проходит на площадке палаты предпринимателей города Алматы, Хорошо, что мы собираемся на разных площадках и обсуждаем проблемы регионов. Что касается Алматы, хотелось бы то же вас проинформировать. У нас впервые за много лет внесли изменения в генеральный план, мы практически приняли новый генеральный план в этом году.», – сказал председатель палаты предпринимателей г. Алматы.

Спикер отметил нехватку земель под строительства в южной столице.

«Для Алматы есть ряд вещей, которые мы должны учитывать при разработке законов и других НПА, то, что мы действуем сейчас в условиях огромной нехватки, дефицита земельных участков в Алматы. И это, наверное, отличает нас от других регионов. Нами выработан ряд поправок увеличения этажности объектов без увеличения площади участка», – отметил Нурсултан Шоканов.

«Третий вопрос, мы сейчас разрабатываем ряд НПА, в том числе Программу по реновации ветхого жилья, который затрагивает интересы очень многих. Вместе с тем, законодательство не предусматривает понятия «ветхое жилье», что реновация – это не только ремонт, это предусматривает и снос объектов» – отметил Нурсултан Шоканов.

Также, в рамках заседания были обсуждены вопросы разработки стратегии строительной отрасли и по проводимой Министерством промышленности и строительства работы по принятию Строительного кодекса.

«На сегодняшний день в стране отсутствует единый программный документ, предусматривающий стратегию развития строительной отрасли, в том числе меры государственной поддержки, согласно которому инвесторы имели бы возможность планировать свое развитие на краткосрочный и долгосрочный период», – сказала Ирина Манжанова.

«Два фундаментальных документа разрабатывается центральным аппаратом, я бы хотел, чтобы вы были в курсе. Первое – это Градостроительный кодекс, сейчас уже называется Строительный кодекс. Все наши предложения к проекту кодекса мы централизовано направили в КазНИИСА. Это консолидирование мнение всего НПП,и наше видение каким должен быть кодекс. Просьба через отраслевой совет региональной палаты, отраслевые ассоциации изучить эту сравнительную таблицу и дать свои рекомендации. Мы должны идти единым фронтом. Второе мы на уровне отраслевого министерства и АСПИРа доказали, что сейчас у нас «телега идет впереди лошади». Строительный кодекс – это закон, это нормы, которые должны регулировать достижения и определенные цели. Но, цели у нас не заданы, Генеральная схема развития территории РК, Концепция развития ЖКХ не актуальны, вытекающие оттуда документы также являются неактуальными», – сказал председатель комитета Development ОЮЛ «Ассоциация участников рынка коммерческой недвижимости «KazProperty» Кайрат Кокенов.

На сегодняшний день НПП совместно с АСПИР и отраслевым министерством прорабатывается вопрос возможности разработки и принятия единого программного документа, предусматривающего стратегию развития строительной отрасли, в том числе меры государственной поддержки, согласно которому инвесторы имели бы возможность планировать свое развитие на краткосрочный и долгосрочный период.

В завершении совещания председатель Комитета строительства и ЖКХ Президиума НПП Атамекен поблагодарила всех участников за проявленную активность выразила надежду на дальнейшее плодотворное сотрудничество в решении проблемных вопросов отрасли.

«Нам необходимо чаще проводить выездные заседания Комитета, встречаться с бизнесом в регионах в целях выявления проблемных вопрос, обмениваться опытом в решении как системных, так частных проблемных вопросов» – резюмировала Председатель Комитета строительства и ЖКХ Президиума НПП РК «Атамекен» Ирина Манжанова.

Ш. ХАМИТОВ.

ЗДОРОВЬЕ

СКОЛЬКО НАДО ПЛАТИТЬ ЗА ОСМС В 2024 ГОДУ

В 2024 ГОДУ В КАЗАХСТАНЕ ВЫРАСТЕТ МАКСИМАЛЬНАЯ СУММА, С КОТОРОЙ ВЫЧИТАЮТСЯ ДЕНЬГИ НА ОСМС, ДО 850 ТЫС. ТЕНГЕ. ПО-НОВОМУ БУДУТ ПЛАТИТЬ И САМОЗАНЯТЫЕ ГРАЖДАНЕ. ПОДРОБНОСТИ УЗНАЛИ ЖУРНАЛИСТЫ NUR.KZ.

В 2024 году вырастет размер минимальной заработной платы (МЗП) — с 70 тыс. до 85 тыс. тенге. Как объясняют в Фонде медицинского страхования, так как этот расчетный показатель является основным для определения размеров взносов и отчислений на обязательное социальное медицинское страхование (ОСМС), изменятся и конечные суммы взносов, хотя ставки остаются неизменными.

Ставка для работодателей

Как и прежде, для работодателей действует ставка в 3% от заработной платы работника. Так как облагаемый ежемесячный доход не должен превышать 10 МЗП, то максимально учитываемая сумма в 2024 году составит уже не 700 тыс. тенге, а 850 тыс. тенге. Соответственно, максимальный размер отчисления составит 25 500 тенге в месяц.

Стоит отметить, что отчисления на ОСМС работодатели должны уплачивать сами, а не вычитать деньги из зарплат своих работников.

Ставка для наемных работников

Что касается самих наемных рабочих, то их ставка, как и прежде, составит 2% от зарплаты. Сумма, которая будет учитываться также не должна будет превышать 850 тыс. тенге. Получается, что максимальный размер взноса в 2024 году может составить 17 тыс. тенге.

Следует учитывать, что у граждан, работающих в двух местах, ставка также составляет 2%, только доход учитывается совокупно с двух работ. Например, сотрудник имеет оклад в 600 000 тенге. Параллельно он оказывает кому-то услуги по договору ГПХ и получает 350 000 тенге. Его общий доход составляет 950 тыс. тенге — это больше, чем 10 МЗП.

В этом случае с первого рабочего места у работника снимут ровно 2%, а со второго — оставшуюся от максимального платежа часть. Важно заранее предоставить работодателю справку с первого места работы о перечисленных взносах. Сделать это нужно для того, чтобы размер взноса на ОСМС был правильно рассчитан, иначе со второго места работы взносы будут удержаны в полном размере.

Ставка для самозанятых В 2024 году будет упразднен Единый совокупный платеж. С помощью него самозанятые могли оплачивать все взносы и иметь медстраховку. Однако с нового года, чтобы получить статус «застрахованный», гражданам нужно будет или зарегистрироваться в качестве индивидуального предпринимателя и платить соответствующие взносы, или стать самостоятельным плательщиком.

В первом случае ставка составит 5% от 1,4-кратного МЗП, то есть 5 950 тенге, а во втором — 5% от 1 МЗП, то есть 4 250 тенге. К слову, самостоятельные плательщики уже сейчас могут оплатить взносы на ОСМС сразу на год вперед. Причем сделать это можно по текущей ставке, которая немного ниже.

Стоит отметить, что за некоторых граждан государство уплачивает взносы самостоятельно. Всего в Казахстане насчитывается 15 льготных категории граждан, которым не нужно платить за медстраховку. В 2024 году ставка за одного льготника составит 5 852,63 тенге, или 1,9% от среднемесячной заработной платы двухлетней давности.

Бейсенбі - Четверг, 28 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 02.05 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 20.30 «Құдаша қыз»
13.10 «Құдаша қыз»
13.30, 03.40 «Өмір көркем»
14.35, 05.20 «Дала дәмі»
15.15 «Бірегей»
16.05, 04.40 «Бізбен бірге»
17.00, 01.05 «Ашық алаң»
21.25 Т/х «Алданған арман»
22.25 Т/х «Күйеу бала-2»
23.20 «1001 түн»
00.20 «Көңіл толқыны»
02.35 «Сана»
05.35 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
07.00 «Оян»
10.00 «В фокусе»
10.25,10.45 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Шерлі жүрек»
14.00, 21.45 Сериал «Қимылдама»
15.00 «Айналайн»
16.00, 22.30 Сериал «Свидеальная жертва»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.30,21.00 «Осман-3»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
13.00, 00.00 Т/х «Дастан»
14.00 «Тәтті ару» Ә.Әлқожаның концерті
15.45 Сериал «Королева игры»
18.05 Сериал «Сиделка»
19.15 Розыгрыш: «Квартиромания»
20.00 «Астана таймс»
00.50 «көру керек!»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити»
07.00, 03.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.05 «Давай поженимся»
12.00 Мужское/женское
13.00, 00.15 «Конец невинности»
14.00, 01.15 Новости
14.15, 01.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.30 Басты жаңалықтар
19.00, 01.45 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Соломоново решение»
03.45Т/х «Эмма»

КТК

07.05, 19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00Т/х «Құпия қобдиша»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00 «Было дело»
11.00, 00.20 «Стражник»
13.10, 21.40 «Заполярный вальс»
16.00 Т/с «Разница в возрасте»
17.10 «Большая надежда»
20.00 «Астарлы ақиқат»
03.00 «Изгой»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу жаyhарлары»
14.30 «Архивтегі ақиқат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Олжа»
17.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Менің арманым»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 Әзіл студио
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 21.00 Т/х«Чукур»
10.00 Сериал«Немного женаты»
11.10 «Тік Ток» шоу
11.50 Мультсериал
12.00 Анимационный фильм
16.00 Кино «Такси-3»
18.00 Кино «Такси-4»
23.00 Кино«В западне»
01.00 Кино «Зуммрад және Кыммат»
02.40, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.45 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.30, 23.00 «Айна онлайн»
08.00, 00.20 «Бастық боламын»
09.00, 17.40 Т/с «Испытание»
11.10 Х/ф «Жена онлайн»
13.10, 01.10 Шоу «Маска»
15.00, 22.10Т /х «Құзғын»
16.00 «Әзіл тайм»
17.10 «Бұл өмірде»
19.50 Х/ф «С любовью, Рози»
21.45 Т/х «Аппақ келін»
23.30 Т/х «Аяла мені»
02.40 «Келесі кім?»
03.10 Т/х «Япырай»
04.00 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 29 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.10 Әнұран
06.05,04.40 «Жәдігер»
06.30, 10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «Tansholpan» тікелей эфир
10.10,18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20,13.10, 20.30 Т/х «Құдаша қыз»
13.30 «Өмір көркем» тікелей эфир
14.40,04.25 «Білімге апарар жол»
15.15,05.05 «Мергендер мекені»
16.10,03.15 « Bizben birge…»
17.00 «Көңіл толқыны»
21.25 Т/х «Алдаңған арман»
22.25 «Күйеу бала-2»
00.00 «PARASAT MAIDANY»
01.05 «Сана»
02.15 «Өмір көркем»
04.00 «Білімге апарар жол»

ХАБАР

05.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
07.00 Тікелей эфир «ОЯН!»
10.00 «Мәртебелі өнер»
12.00,20.00 Т/х «Шерлі жүрек»
14.00, 21.45 «Қимылдама»
15.00 «АйнаLine»
16.00 Сериал «Идеальная жертва»
18.00 Новости
18.20 Ток шоу « Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
23.00 Мегахит «Убийство в восточном экспрессе»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
07.20 Мультфильм «Маша и медведь»
09.30, 21.00 Т/х «Осман-3»
11.00 «Кеш келген махаббат» үнді т/х
13.00, 00.00 Т/Х «Дастан»
14.00 «BAS Times»
15.00 «Эксперимент»
15.15 «Президент пәрмені»
15.30 «Королева игры»
17.50 Сериал «Сиделка»
19.00 «Жап-жаңа жыл!»
20.00 «Астана таймс»
22.20 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.50 Х/ф «Келинка тоже человек-2»

ЕВРАЗИЯ

06.00 ,04.05 «Тамаша CITY»
07.00,03.20 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.05 «Давай поженимся!»
12.00 «Мужское/женское»
13.00 Т/с «Конец невинности»
14.00,01.40 «Новости»
14.15, 01.55 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.55 «Басты жаңалықтар»
19.00, 02.10 «Koremiz» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент Online»
20.55 «Поле чудес»
22.05 Х/ф «Ирония судьбы,или с легким паром!»

КТК

07.05,19.30,04.10 Кешкі жаналықтар (Қайталау)
07.30 «Жан жылуы», Корей т/х
08.00 «Құпия қобдиша» т/х
09.20 Вечерние новости (Повтор)
10.00 «Было дело»
11.10 «Стражник» детектив
13.10 «Заполярный вальс» мелодрама
16.00 «Разница в возрасте» мелодрама
17.10 «Большая надежда» мелодрама
20.00,03.25 «Дау дамайсыз»
20.00,03.50 «КТК веб»
21.00 «Вечерние новости»
21.40 «Три цвета любви» мелодрама
02.40 «Изгой» детективная драма
04.40,05.00 «КТК» Қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің арманым»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Ел қамы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ел іші - өнер кеніші»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жаyhарлары»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Экономtime»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00,03.00 Әзіл студио
07.00,20.00 Информбюро
08.00, 21.00 Т/х «Чукур»
10.00 Т/с «Немного женаты»
11.10 TIK TOK show
11.30 А/ф «Коати.Легенда джунглей»
13.30 А/ф «Секретная служба Санта-Клауса»
15.40 Кино «Такси-4»
17.40 Кино «Такси-5»
23.00 Х/ф «Игра на выживание»
01.00 Кино «Жүзіқара»
02.10 «31 ӘЗІЛ»
02.40,04.30 «Whatsup?»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.45 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.30 «Айна online»
08.00 Т/х «Бастық боламын»
09.00 Сериал «Испытание»
11.10 Х/ф «С любовью,рози»
13.10 Шоу «Маска»
15.00 Т/х «Құзғын»
16.00 Әзіл Time
17.00 «Battle сөз»
17.40 Х/ф «Келинка тоже человек-2»
19.30 Т/с «Жена с того света»
23.30 Т/х «Аяла мені»
00.20 Жайдарман
02.40 «Келесі кім?»
03.10 «Япырай»
04.00 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 30 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05,03.20 «Тіршілік»
06.35,03.50 «Отандық brand»
07.00,05.00 «Теледәрігер»
08.00 «Жаңа жылдық бағдарлама»
10.00,18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.00,04.05 «Жарылқа Жаңа жыл!» (2021 ж)
16.20 М/ф «Рататуй»
20.00 ,21.45, 22.15 «Қазақстан дауысы»
22.45 «Жақсылықпен кел, Жаңа жыл!»

ХАБАР

05.00 Архивный концерт
07.00,00.00 «Жаңа жылдық топтама»
09.00 М/ф «Медвежонок Винни и его друзья»
10.30 М/ф «История игрушек и ужасов»
11.00 Кино «Невероятная жизнь уолтера митти»
13.00 «Алиса в зазеркалье»
15.00 «Асыл домбыра»
17.30 Концерт «TURAR»
19.00 «Cover show»
21.00 «Величайший шоумен»
23.00 «Үйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 «Жап-жаңа жыл!»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-3» Т/х
10.30 «Бизнес по Казахски в Африке»
12.30 «Шымкент шоу»
17.15 Худ.фильм «Форрест гамп»
20.00 «Sarap Times» апталық сараптамалық
21.55 «Лакшми» т/х
23.25 Худ.фильм «Пятый элемент»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша CITY»
08.00,04.00 «П@утина»
08.55 «Быть рядом»
09.45 Х/ф «Добрая подружка для всех»
11.30 Х/ф «Ирония судьбы, или с легким паром!»
15.25 «Джентльмены удачи»
17.10 ,02.25 «Dastarhan»
18.30,03.30 «Айна»
19.00 ,23.00 «X FACTOR»
20.50 Х/ф «Иван Васильевич меняет профессию»
22.40,23.30 Х/ф «Девушка с кокой»
00.40 «Фантастика»

КТК

07.05 «Мерекелік концерт»
07.40,03.40,05.00 «Тосын сый»
08.30 «Динамен дұрыс»
09.30 Вечерние новости
10.10 «Три цвета любви» мелодрама
15.00,01.40 «Джохан-2»
17. 00 «Кел, шырқайық!»
18.10 «Шаншар»
21.00 «Роковая женщина» мелодрама

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Экономtime»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жаyhарлары»
14.30 «Ел мен жер»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жаyhарлары»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Олжа»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00,03.40 Әзіл студио
07.00 BalaFunny
07.30 Күліп ал
08.00,03.45 «31 ӘЗІЛ»
08.30 Тикток шоу
09.00 Тайм вайн
09.30 Готовим с Адель
10.00 «Алдараспан»
12.30 Кино «За три дня до нового года»
14.20 А/ф «Секретная служба Санта-Клауса»
16.30 А/ф «Холодное сердце»
18.40 Кино «Король лев»
21.20 Кино «Мстители.Эра Альтрона»
00.20 Кино «Игра на выживание»
02.00 Кино «Махаббат па, мансап па?»
03.20,04.30 «Whats up?»
04.00 «1001 әзіл»
04.10 «Бала батл»
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 23.40 Жұлдызды Жаңа жыл
08.00 Сериал «Жена с того свата»
07.20,00.10 Сәлем Қазақстан
12.10 Сериал «И снова будет день»
16.20 Х/ф «Келинка тоже человек-2»
18.10 «Аппақ келін»
19.40 сериал «За 5 минут до января»
04.00 «Япырай»
05.00 «Қуырдақ»

Жексенбі - Воскресенье, 31 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жақсылықпен кел, Жаңа жыл!»
08.20 М/ф «Рататуй»
10.00 «Берекелі жыл болсын»
14.30 М/ф «Мұзды өлке»
16.00 «Сағындырған әндерай!»
18.30 «Әзіл әлемі»
21.00 ,00.00,02.00 «Жақсылықпен кел, жаңа жыл-2024!»
23.50 Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауы

ХАБАР

05.00 Архивный концерт
07.00 ,02.40 «Жаңа жылдық топтама»
09.00 М/ф «Суперсемейка»
11.00 Кино «Величайший шоумен»
13.00 «Щелкунчик и четыре королевства»
15.00 Жаңа жылдық «Маска»,1-2 бөлім
18.30 «Келінжан-2»
20.00 «Қызық премия 2023»
22.00 «Жаңа жылдық басты хабары»,1-бөлім
23.50 Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауы
00.00 «Жаңа жылдық басты хабары»,2-бөлім
01.10 «Cover show»

АСТАНА

06.00 «Тәтті ару» Әбдіжаппар Әлқожаның концерті
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00 «Осман -3» т/х
10.00 «Uly Dala Jana Jyly»
13.30 Х/ф «Ьизнес по Казахски в Турции»
15.45 Худ.фильм «Ьизнес по Казахски в Индии»
17.20 «Ән мен әнші»
20.10 «Шаншар»
23.50 Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауы
00.00 «Жап-жаңа жыл!»

ЕВРАЗИЯ

06.00 « Тамаша CITY»
07.50 «П@утина»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 «Быть рядом»
09.45 Х/ф «Мужчина в моей голове»
12.05 Сериал «3+3?»
15.35 «X-FACTOR»
17.50 Х/ф «Тариф новогодний»
19.25 «Леониду гайдаю-100»
21.00 Х/ф «Продолжение»
23.00 Новогодняя ночь на первом.10 лет спустя
23.55 Новогоднее поздравление президента РК Касым-Жомарта Токаева

КТК

07.05 «Әкеміздің жаңа жылы»
08.20,22.00 «Ән мен әнші»
09.20 «Роковая женщина»
13.40 «Хочу к маме...или новфй год в жалпаксае»
15.30 «Новогоднее счастье»
20.00 Кел, Шырқайық!
23.55 Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауы
00.00 «Ән мен әнші.Қош келдің жаңа жыл-2024!»
02.00 Шаншар
03.30,05.00 «Хачу к маме ...или новый год в жалпаксае»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 М/ф «Татонка»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жаyhарлары»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
18.30 «Бағыт»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Сапарлайық»
20.30 «Ән тыңдайық»
21.00 «Әсем әуен»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Жаңа жыл жарылқасын!»
07.50 ,05.00 «31 әзіл»
08.20 Тикток шоу
09.00 «Телебинго» прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 «ЕКІ ЕЗУ»
11.30 Кино «Король лев»
14.10 А/ф «Холодное сердце»
18.30 Кино «Один дома»
20.50 Кино «Аладдин»
23.50 Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауы
00.00 «Жаңа жыл жарылқасын!»
03.00 «Алдараспан»

7 КАНАЛ

06.00, 05.30 «Қуырдақ»
07.00 «Айнаonline»
07.40 «Ғажайып шырша»
08.00 Новогодний концерт
09.00 Х/ф «Каникулы OFF-LINE-2»
11.00 «Battle сөз»
11.40 Шоу «Маска»
14.40 Х/ф «За 3 дня до нового года»
16.30 ток-шоу «Қыздар –Ай»
17.30 Сериал «Пряный вкус любви»
21.20 Х/ф «С новым годом, девчонки»
23.00,00.05 Жаңа жыл Parti
23.50 Новогоднее поздравление президента РК Касым-Жомарта Токаева
01.50 Концерт «Жұлдыздар шеруі»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

ӘР АЗАМАТ ӨЗ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАЙ АЛАДЫ

1995 ЖЫЛДЫҢ 30 ТАМЫЗЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТА ЗАҢЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ БАБЫ: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨЗІН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ, ЗАЙЫРЛЫ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ОРНЫҚТЫРАДЫ, ОНЫҢ ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНАСЫ – АДАМ ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ӨМІРІ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ» – ДЕП БАСТАЛАДЫ.

Бұл мемлекетімізде адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының өте жоғары дәрежедегі құндылық ретінде бағаланатындығының айқын дәлелі. Адам құқықтары мен бостандықтары тек қана бір мемлекеттің ісі емес, бүкіл халықаралық бірлестіктің субъектісі. Адам құқығы саласындағы жалпы танылған халықаралық нормалар қазір ұлттық заңдарды қалыптастырудың негізі болып табылады. Сондықтан да мемлекет ішіндегі адам құқығын қорғау механизмі, халықаралық құқық нысандарымен қамтамасыз етілуімен тығыз байланысты. Адам құқығын қорғау жөнінде нормалар қабылдаған халықаралық ұйымдар, адам құқығының бұзылуына жол бермеуге нақты механизмдер қарастырды.

Жасыратыны жоқ, кейбір азаматтар өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін жете түсінбеу салдарынан, әртүрлі жағдайларда құқықтары бұзылғанда оны қорғай алмағандықтан келеңсіз жағдайларға ұшырап, кей кездерде өкінішті жағдайларға тап болып, опық жеп жатады. Сондықтан өмірімізде ешқандай келеңсіздік туындамауы үшін өз құқықтарымызды қорғап, міндеттерімізді ыждағатпен орындағанымыз абзал. Бұл ретте, еліміздің Конституциясын, оған негіздеп шығарылған заңдарды оқып, түсіне білумен қатар, заңдарды құрметтеп, оны орындай білуіміз қажет. Өйткені, осы заңдарда азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттері жарияланып қана қоймай, сол құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың, пайдаланудың жолдары мен тәсілдері де қарастырылғанын да естен шығармаған дұрыс. Жалпы алып қарағанда, заңдарды қабылдап шығарғандағы мақсат - қоғамда құқықтық тәртіп орнату, адамдардың өмір сүруіне, оқуына, жұмысына, демалысына, қауіпсіздігіне қалыпты жағдай туғызу екендігін ұғынып, жадымызда жаттап жүрсек нұр үстіне нұр болар еді.

Мемлекет басшысы биылғы жылы Республика күні қарсаңында өткен жиында сөйлеген сөзінде Әділетті Қазақстанды құру үшін құқықтық мәдениетті дамыту қажеттігі жайлы *«Заңсыздық, тәртіпсіздік, мәдениетсіздік елді жарға жығады. Мұндай жағымсыз үрдіске бүкіл қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Ал тәртіпке бағынған қоғам өркениетті болады. Бұл – заңдылық. Әр азамат еліміздің заңын құрметтесе, берекебірлік те, бақуатты тұрмыс та болады»*, – деп атап көрсеткен болатын.

Сайып келгенде, әр азамат өз құқығын қорғай алатынын жақсы біліп, осы тұрғыда кез келген адам басқалармен қарым-қатынасын құқықтық негізде құра алатын, өздерінің құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда азаматтар заңды мүдделерін қорғай алатын, өздерін қорғау жөнінде мемлекеттік органдарға өтініш білдіре алатын болу үшін мүмкіндік туғызу қажет. Сондықтан заң ережелерін оқып үйрену, білу, игеру және бұлжытпай орындау әрбір адам үшін маңызды қажеттілік болып табылады.

Бақыткүл МАДЫБЕКОВА,
Текелі қалалық соты әкімшісінің басшысы.

«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДА «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» АТТЫ ЖОБАНЫ ҚОЛҒА АЛУДЫ ТАПСЫРҒАН БОЛАТЫН. ПРЕЗИДЕНТТІҢ БҰЛ БАСТАМАСЫ КІТАПХАНАШЫ РЕТІНДЕ БІРІНШІДЕН, ЕЛ БАСШЫСЫНЫҢ КІТАПХАНАҒА, ОНЫҢ ІШІНДЕ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНА БАСА НАЗАР АУДАРҒАНЫ ҚУАНТСА, ЕКІНШІДЕН, МОЙЫНЫМЫЗДАҒЫ МІНДЕТІМІЗДІ ЕКІ ЕСЕЛЕДІ ДЕСЕК ТЕ БОЛАДЫ.

Аталған жоба аясында кітапханада «Ертегіші» клубының қойылымдары, отбасылық оқулар және «Оқитын ұлт» жобасы шеңберінде көптеген ауқымды шаралар өткізілді. «Саябақта оқимыз», «Сиқырлы рюкзак», «Тәтті кітап» жобалары іске асырылды.

Балалардың негізгі жүретін орындарының бірі саябақтарға барып, олардың кітап оқуға құмарлығын ояту және кітап оқуға шақыру мақсатында «Саябақта оқимыз» жобасы жұмыс жасайды. Нәтижесінде балалар таза ауада серуендеп демалады және ертегілердің кейіпкерлері болып киінген кітапханашылар балаларға таңдаған ертегілерін дауыстап оқып, олардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын оятты.

«Сиқырлы рюкзак» жобасы аясында оқырмандарды кітап оқуға шақыру, қызықты, қиял-ғажайып кітаптарды, ертегілерді насихаттау мақсатында кітапханашылар «Балабақша», «Ойын-сауық» орталықтары, балалар топтасқан аялдамалар сияқты орындарға барып, оларға кітаптар және тілектер мен пікір жазатын дәптерлер береді.

«Тәтті кітап» жобасы аясында оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Омарташы» акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында белсенді оқырман және көп оқылған кітап таңдалады. Қатысушылар кітап қорынан алған кітаптардың ішінен өзіне ұнаған кітапті «тәтті себетке» қалдырып, басқа оқырмандарға оқуға ұсынады. Оқырмандар қызығушылығын арттыру мақсатында кітапханада «Ертегіші» клубы, «Шебер қолдар» үйірмесі ұйымдастырылып, ұзақ жылдар жұмыс істеуде. «Ертегіші клубы» мүшелерімен «Әжемнің ертегілері», «Ертегі кейіпкерлері», «Дауыстап оқу» жұмыстары жүргізіледі. Ал «Шебер қолдар» үйірмесінің қатысушылары жасаған қолөнер туындыларына кітапхана қабырғасында жеке бұрыш арналған.

Ильнур МИФТАХОВА,
Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының кітапханашысы.

ОҚУШЫ ОЙЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Тәуелсіздік жылдарынан кейін дүниеге келсек те, тәуелсіздік қандай термен келгенін оқып, біліп жүрміз. Ендігі болашақ біздің, яғни, келешек ұрпақтың қолында.

Қазірдің өзінде спорт, білім, ғылым саласында жетістікке жетіп, биіктерден көрініп жүрген жастар жетерлік. Мысалы, спорт саласында- Серік Сәпиев, Генадий Головкин және тағы басқалары. Білім жолында жас жеткіншектер шет мемлекеттердің жоғары оқу орындарында білім алып, еліміздің атын әлемге асқақтатуда. Дәл қазіргі сәтте мен Талдықорған қаласындағы «UBT school» мектебінде оқып жатырмын. Әрбір Қазақстанның азаматы мен азаматшасы өз елінің болашағына үлес қосуды арман етеді. Менің де дәл сондай асқақ арманым бар. Ол – әділетті, тәуелсіз Қазакстанның тәуелсіз журналисті атану. Бұндай қадамға баруымның бірден бір себебі, тәуелсіздік үшін жанын құрбан еткен бабаларымыздың арман тілегі, тәуелсіз Қазақстанның гүлденіп, дамуына өз үлесімді қоссам деген ниетім бар. Қазіргі ел болып отырғанымыз, ондағы даму жолындағы істердің жүзеге асып, жасалып жатқаны тәуелсіздік үшін жанын құрбан еткен ата-бабаларымыздың арқасында. Ендігі тәуелсіздікті ұстап тұру біздің, яғни, 21 ғасыр ұрпақтарының қолында.

Тәуелсіздік бізге Отан, жер, тіл, еркіндік берді. Тәуелсіздік арқылы туымыз бекітілді, әнұранымыз шырқалды. Кеткеніміз қайта оралып, өшкеніміз қайта жанды. Тәуелсіздік қазақ халқының басына қонған үлкен бақ.Тәуелсіздікті ту етіп ұстап тұру біздің қолымызда. Осылайша, ілгері қозғалатын болсақ, дамыған 30 елдің қатарына қосылатынымыз сөзсіз. Елім мақтан тұтатындай жоғары білім алып, Қазақстанға өз үлесімді қосқым келеді. Қашанда қаймағы бұзылмаған қалың қазақ елінің даңқы әлемді шарлап, көк байрағымыз биіктен көріне берсін. Қолдағы бақытты бағалай білейік. Тәуелсіздік – тәңірдің бізге берген тәтті сыйы. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын.

Аяжан БАҚЫТ,
Талдықорған қаласы
«UBT school» жекеменшік мектебінің
11-сынып оқушысы.

ӨЗЕКЖАРДЫ

АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУ

ҚАЗІРГІ ӨРКЕНИЕТТІ ЗАМАНДА АДАМЗАТ БАЛАСЫНЫҢ ҚҰНДЫ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ БІРІ – ОЛ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ. ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ БҰЛ ПРОБЛЕМАНЫҢ КҮН ӨТКЕН САЙЫН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ АРТА ТҮСУДЕ.

Адам құқығы мен бостандығы халықаралық ұйымдар тарапынан мейлінше кең қолдауға ие. Соның бірі – Біріккен ұлттар ұйымы. Қазақстанның БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесіне мүше болуы еліміздегі адам құқықтарын қорғау саласында табысты жұмыс атқарғандығын білдіреді. Сондай-ақ, БҰҰ алдындағы еліміздің беделінің бір көрінісі.

Қазақстан Республикасының Басты құжаты – Ата заңымызда «мемлекеттің ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген. Демек, адам өмірі мен оның қоғамдағы рөліне мемлекет бейжай қарай алмайды. Сондықтан, елімізде бұл бағыттағы шаралар жемісті іске асырылуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев адам құқықтарын қорғау жүйесінің өкілдерімен кездесуінде адам құқығын қорғауды күшейту үшін бес міндетті белгілеп бергені баршаға аян. Мәселен, Президент құқық қорғау органдары мен құрылымдар алдын алу шараларына баса мән беруі тиістігін, Конституциялық Соттың жұмысын одан әрі жетілдіру қажеттігін, омбудсмен мен арнайы мандатқа ие уәкілдер қызметінің тиімділігін арттыру керектігін, мүмкіндіктері шектеулі азаматтар жеңілдіктерді пайдаланып қана қоймай, қоғам өміріне белсенді араласу мүмкіндігіне ие болу қажеттігін және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, әрі құқық қорғау институттарының жұмысын барынша ақпараттандыру қажеттігін атап көрсетті.

Қазақстан – құқықтық мемлекет. Бізде бұл туралы арнайы доктрина да бар. Ал құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен өркендеуі, елдегі демократиялық процестердің дамуы адам бостандығы мен құқығын сақтау сынды ең асыл құндылықтармен тікелей байланысты. Басты ұстанымы да адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және оларға қысым жасауға жол бермеу болып қала береді. Осы бағытта атқарылып жатқан іс-шаралар елімізді барлық қызметі құқық нормаларына бағынатын әр азаматының қадір-қасиетін, бостандығы мен құқықтарын қорғауды алдыңғы орынға қойған құқықтық мемлекет ретінде сипаттайды.

Мына бір мәселеге де назар аудара кетсек. Жалпы адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталатынын да естен шығармаған абзал. Ал өкінішке орай қорланған, зорланған, яғни құқығы тапталған балалар туралы ресми статистикаға назар аударсаңыз төбе шашыңыз тік тұрады. Айталық, әлемдегі балалар құқығын қорғаумен айналысатын ЮНИСЕФ ұйымының Қазақстандағы құзырлы органдармен бірге жүргізген зерттеуі ересектердің 75 пайызы балалардың мінез-құлқын бақылау үшін физикалық күш көрсетуді қолдайтынын көрсетті. Яғни, Қазақстандық он ата-ананың сегізі баласы бұзық болып, тіл алмаған жағдайда шапалақпен тартып жіберуді құп көреді. Мектептегі жағдай да оңып тұрған жоқ. ЮНИСЕФ ұйымының зерттеуінше, оқушылардың үштен екісі мектепте қатарластарынан әлімжеттік, мұғалімдерінен кемсітушілік көреді. Зорлық-зомбылықтың жоғары деңгейі интернат пен қиын балаларға арналған білім ошақтарында да байқалады. Демек, адам құқығын қорғау мәселесіне алдағы уақытта да баса назар аударып, пәрменді шаралар қабылдау арқылы ғана бұл тұрғыдағы істі ілгері бастыруға даңғыл жол ашылары даусыз.

Ермек ДҮЙСЕМБАЕВ,
Текелі қалалық сотының судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҰЛЫ ДАЛА

ЖЫР ПАЙҒАМБАРЫ АТАНҒАН АҚЫНҒА АРНАЛҒАН БАЙҚАУ ӨТТІ

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ЕЛОРДАДА «AMANAT» ПАРТИЯСЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ «ҰЛЫ ДАЛА» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ.

Биыл әдеби дода Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, педагог Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналды.

Сөз басында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов ұлттық мүддеге сай келетін кітаптарды көптеп басып шығару мәселесі әрдайым Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың назарында екенін және мемлекет, партия тарапынан мәдениетке, әдебиетке қолдан келгенше көмек көрсетіле беретінін атап өтті.

«Әдебиеттегі жас буын үшін «Ұлы дала» байқауы айтулы оқиғаға айналды деп ойлаймын. Осы маңызды іс-шараны жыл сайын Тәуелсіздік күніне орайластырып өткіземіз. Өйткені, ұлт тәуелсіздігінің рухани тірегі – оның тілі мен әдебиеті, мәдениеті. Біз өз тарапымыздан сіздерді қолдауға әрдайым әзірміз», – деді ол.

Ерлан Қошановтың пікірінше, қазір қоғамдық кеселге айналған есірткі, лудоманияның белең алуы «рухани қалқанның» болмауынан. Сондықтан оқырманға осы заманның болмысын бейнелейтін тың туындылар, образдар мен жаңа кейіпкерлер керек. Тәраға кітапсүйер қауым жаңа толқын қаламгерлерден салмақты, мағыналы дүниелер күтіп отырғанын айтты.

«Біз кітаппен өмір сүрдік. Әдебиет бізге моральдық, рухани қалқан болды. Ал рухани қалқан дегеніміз не? Ол – жастарды, өскелең ұрпақты дұрыс жолға бағыттап, бұрыс жолдан сақтайтын құндылықтарымыз. Бұрын қоғамды кітап тәрбиелесе, қазір интернет пен көше тәрбиелеп жатыр. Мұның жолы – жас ұрпақты отаншылдыққа, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Ал, ол құндылықтардың бәрі – кітапта, әдебиетте. Бұл туралы Мемлекет басшысы да әрдайым айтып келеді», – деді «AMANAT» партиясының Төрағасы.

Аталған конкурс осымен төртінші рет өткізіліп отыр. Биыл әдеби доданың облыстық іріктеуі ұйымдастырылып, байқауға басаяғы 300-ден астам шығарма келіп түсті. Оның 170-і ақтық кезеңге жолдама алды.

«Ұлы дала» байқауына «Әдеби сын» номинациясын енгізу – үлкен жаңалық болды. Жалпы әдеби сын болмайынша, әдебиет дамымайды. Байқауға бір емес, бірнеше материал келіп түсті. Оның бәрін ой елегінен өткізіп, лайықты бағасын бердік. Сондықтан бұл жанрға келешекте барынша көңіл бөлу керек», – деді қазылар алқасының мүшесі, әдеби сыншы Амангелді Кеңшілікұлы.

Сонымен, «Поэзия» номинациясы бойынша бірінші орынды Ұмтыл Зарыққан, екінші орынды Айзада Рахымжанова, үшінші орынды Ербол Алшынбай иеленді.

«Проза» номинациясында бірінші орынға Бақытбек Қадыр, екінші орынға Саян Сексенбаев, үшінші орынға Мерей Қайнарұлы лайық деп танылды.

«Балаларға арналған шығарма» номинациясы бойынша бірінші орынды Нұрбек Кеңесбай, екінші орынды Абай Орынбай, үшінші орынды Ақмарал Омарова қанжығалады.

«Драматургия» номинациясында бірінші орынды Қанат Тілеухан, екінші орынды Тайбек Абдуллин, үшінші орынды Қуат Қиықбай жеңіп алды.

«Әдеби сын» номинациясы бойынша бірінші орын Біржан Ахмерге, екінші орын Анар Абдуллинаға, үшінші орын Мейір Оразғалиевке бұйырды.

Сонымен қатар, «Алаш аманаты» арнайы сыйлығын зерттеушіғалым Бақтияр Бәтеу, «Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығы» арнайы сыйлығын ақын, сатирик Абылай Мауданов иеленді.

«Қазір әдебиетпен кәсіби айналысуға мүмкіндік аз. Біріншіден, қаламақы мәселесі шешілген жоқ, екіншіден бізде кітап нарығы әлі қалыптаспай жатыр. Әйткенмен осы олқылықтың белгілі бір бөлігін әдеби байқаулар толтырып отыр. Бұл қадам шығармашыл жастарды жазуға ынталандырады. Сондықтан осындай әдеби байқауларды үзбей, жыл сайын өткізіп тұру керек», – деді байқау жеңімпазы, жазушы Бақытбек Қадыр.

Материал madeniportal.kz сайтынан алынды.

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ТӘУЕЛСІЗ АЛАУ – ЖЫЛДАРЫМ

Тәуелсіз – алау жылдарым,
Шуағын шашқан жеріме.
Түнерген дала, қырларым,
Құлпырды гүлі төрімде.

Аспанның нұры жарқырап,
Мерейін құйды сезімге.
Өзен, көл, бұлақ арқырап,
Бұлқына ақты тебіне.

Көк толқын көкке тулады,
Желегін сүйіп еміне.
Мұнарған тұман булары,
Жөңкілді қырға керіле.

Самалды жұпар жел есіп,
Биледі құйын желпініп.
Сай - сала, тоғай тал бесік,
Арасы аң, құс, мал тұнып.

Әкелді шексіз шаттықты,
Тәуелсіз арман жылдарым.
Қарттарым абыз бақытты,
Арнады терме жырларын.

Бабалар көшкен туған жер,
Құбылып жүзі түрленді,
Аңызақ соққан құба бел,
Желегі ғажап бүрленді.

Көк Туым - асқақ шалқыды,
Көгімде аспан күн күліп.
Дамуым үдеп қарқыны,
Достық пен бірлік сыр ұйып.

Бір жылым өтсе, бір жылым,
Әкеліп жатыр игілік.
Бір күнім өтсе, бір күнім,
Жүрекке жатыр жыр құйып.

Бағытым – сара таңдаған,
Дамуым алға самғаған.
Қазақтың жері жайнаған,
Еліміз мәңгі – кең далам.

ЖАҢА ЖЫЛ – САМҒАУ ҚАНАТЫМ

Жылжытып тағы да бір жылнамамды,
Ғаламға шашып нұрын жыл жаңарды,
Өткен жыл, өткенімнен із қалдырып,
Тарих шежіремде тұлғаланды.

Өркендеп елім алға қарыштады,
Кешкен күн қилы - қыспақ алыстады.
Желбіреп көк байрағым алау көкке,
«Нұрлы жол» – ұлы көшке бағыт алды.

Атырау, Алтай, Арқа асуларым,
Дамудың жарқыратқан жасындарын.
Жаңа жыл – жаңа жарқын бастауларым,
Шалқыған ерен табыс тасуларым.

Жерімнің үсті бірлік, асты байлық,
Мұнай, газ төрткүл жерге жатыр ағып.
Ерен ел, өткен күндер жеңістерім,
Жаъанға қанатын кең жатыр жайып.

Төрімнен күре жолдар тарамданған,
Батысқа, шығыс жаққа қайран болған.
Даламды «Жібек жолы» көктей өткен,
Сан ғасыр сауда - саттық қанат жайған.

Таңданбас жұрт қалмады өрлігіме,
Тәуелсіз халқым кешкен елдігіме.
Көк Туым – өркениет биігінде,
Мәңгілік шырқау, даму таңы бізде.

Жаңа жыл – бақ, береке күндер мәзім,
Кенеген шаттығымен шырқау әннің.
Қазақтың көне – Атамекеніне,
Кел жылым, Самғау, өрлеу жалғастарым.

ҚАҢТАР АЙЫ

Қаңтар туды алтындай орақтанып,
Жұлдыз жанған айнала ғажап жарық.
Орман, тоғай ну желек жылтылдайды,
Мөлтілдейді мұз моншақ сырға тағып.

Бұлақ күліп қарайды мұз әйнектен,
Іздегендей көктемін төркіндеткен.
Үрлеп жатыр, бұландап билеп жатыр,
Сыбызғысын сыңсытып сырнай ескен.

Көтерілген боз тұман аспан көктен,
Көлбеңдейді сыр толқын қылау сепкен.
Жасыл шырша шың, құзға өрмелеген,
Қырау, қырбақ өн бойын сүйіп өркен.

Тау өзені бусанып арындаған,
Сең қақырап, тоң қатып, қар құлаған.
Түрлі іздер шимайы жапан түздің,
Ою - өрнек, зер кесте мың бұралған.

Қаңтар айы, кең дала, таулар алып,
Желпінеді ақ шапан киіп алып.
Шуда мұнар заңғарға өрмелейді,
Боран ұйтқып, үскірік сүйі -қарып.

Неткен сұлу, ән-сазды жырлы жерім,
Қалқып ұшқан ақ үрпек нәзік сезім.
Қуанышы жаңа жыл, асқақ арман,
Той - думанға бөледі елдің төрін.

Әр көрінісі тамаша жыр боп туған,
Ой толқытып, жүрекке назын құйған.
Жеңістерім әр басқан құт қадамым,
Тәуелсіз таң-нұр жолым самғау қыран.

Серікбай ТҰРЛАН,
білім саласының ардагері.

АЛАКӨЛІМ

Айдынында ай – жүзіп,
Күн нұрымен балқыған.
Күміс желек гүлі – зер,
Жиделері аңқыған.
Көл басында құс базар
Қаз, үйрегі қалқыған.

Салқын самал желі бар,
Құт-береке жері бар.
Байлығы орта түспейтін,
Шалқып жатқан көлі бар.

Майланып жер-ошағы,
Жаңа қоныс салтынан.
Жатушы еді жағаңда,
Күн күмбірлеп, шалқып ән.
Амансың ба, Ұлы жер!
Қыдыр баба шарпыған.

Іспетті жұмақтың Гүлстаны,
Жел жеміс уылжыған күміс бағы.
Пейіштің лебі есіп, салқын самал,
Аймалап ғашығындай жуысқаны.

Әсерлі ән тудырған самал желің,
Жеруйық жерге сені балап елім.
Ақ маңдай берекелі, асқарлы елім,
Қаз қонып, аққу жүзген Алакөлім!

Болат ТОПАШЕВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЕМИНАР

ВСЕОБЩЕЕ ДЕКЛАРИРОВАНИЕ: ЧТО ВАЖНО ЗНАТЬ?

20 ДЕКАБРЯ НА ПЛОЩАДКЕ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ СОСТОЯЛСЯ СЕМИНАР-РАЗЪЯСНЕНИЕ ПО ВОПРОСАМ ДЕКЛАРИРОВАНИЯ И ПРИМЕНЕНИЯ РОЗНИЧНОГО НАЛОГА,- СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.

Открывая семинар, управляющий директор Палаты предпринимателей города Алматы Нариман Ибрагимов отметил важность вопроса декларирования. Он напомнил, что с 2024 года в Казахстане начнется III этап всеобщего декларирования.

«Аудитория III этапа – предприниматели. Декларации об активах и обязательствах должны будут представить те граждане, кто по состоянию на 1 января является руководителем, учредителем юрлица, индивидуальным предпринимателем и их супруги. Сегодня эксперты подробно расскажут о всех нюансах декларирования», – сказал Нариман Ибрагимов.

Консультацию для субъектов бизнеса от сотрудников ДГД по всеобщему декларированию на 2024 год провел Алмас Джандарбеков – руководитель отдела непроизводственных платежей.

Спикер рассказал, что декларацию можно будет подать двумя способами на бумажном носителе и в электронном виде через Центры обслуживания населения либо заказным письмом. А в электронном виде через кабинет налогоплательщика, портал eGov.

«Размер дохода и масштаб бизнеса значения не имеют. Подача декларации обязательна всем от маленьких ИП до крупных предприятий. Декларацию можно подать уже с 1 января 2024 года, но не позднее 15 июля 2024 года», – сообщил Алмас Джандарбеков

Также в ходе семинара представитель ДГД Арман Келимбетов рассказал о применении розничного налога.

В Послании Главы государства, озвученном 1 сентября 2023 года, Президент отметил: «Показала свою востребованность инициатива по внедрению розничного налога. Учитывая положительный опыт, Правительство расширит сферу его охвата в два раза». Сейчас рассматривается вопрос расширения перечня видов деятельности для целей применения специального налогового режима розничного налога.

«Мы занимаемся обучением детей по государственной программе «Даму бала». Мы оказываем услуги для реализации государственного творческого и спортивного заказа. Наше ИП представлено во многих спортивных и творческих центрах города Алматы. Сейчас владельцы кружков и секций являются плательщиками НДС, платим многомилионные налоги. Я считаю, что детское творчество и спорт не должно так облагаться. Мы хотим перейти на розничный налог. Сегодня пришел на семинар узнать все подробности перехода на специальный налоговый режим», – сказал директор ИП Аюман Нурлан Махметов.

На рассмотрение в Национальную палату поступил проект постановления РК, в котором предусмотрено 380 видов деятельности для целей применения специального налогового режима розничного налога.

На семинаре приняли участие как оффлайн, так и онлайн более 50 субъектов малого и среднего бизнеса сферы торговли, образования, строительства, туризма и т.д.

Ш. ХАМИТОВ.

КОРРУПЦИЯ

КАЖДЫЙ ДОЛЖЕН СОБЛЮДАТЬ ЗАКОНЫ

Мы каждый день по сообщениям средств массовой информации слышим и видим по новостям о коррупционных правонарушениях должностных лиц. Не каждому рядовому гражданину понятно наверное смысл слово коррупция. Поэтому, наверное не лишнее будет разъяснить об этом социальном зло. Что такое коррупция? Коррупция - это ни что иное, как использование государственных функций в частных интересах, которые, как правило, идут вразрез с интересами общества, интересами национальной безопасности государства. И главное - это существование таких неоспоримых негативных последствий коррупции, как: снижение качества государственных услуг, создание предпосылок для роста теневой экономики, укрепление позиций криминальных структур, международного терроризма и экстремизма.

В частности, проблема коррупции в современных условиях превратилась в проблему мирового масштаба, поскольку она присуща всем странам, независимо от их политического устройства и уровня экономического развития. Единого механизма борьбы с коррупцией, являющегося оптимальным для всех стран, не существует. Специфика методов по борьбе с коррупцией, принимаемых каждой страной, зависит не только от политической и экономической стабильности, но и от обычаев и традиций, религиозных особенностей и уровня правовой культуры населения. И Казахстан являясь частью мировой структуры, в которой одним из главных направлений государственной политики является борьба с коррупцией, также принимает ряд мер, в т.ч. нормативно - правового, административного и профилактического характера.

Необходимо сказать, что одним из основных принципов искоренения коррупции является необходимость усилий всех государственных органов, призванных вести данную работу. Они должны быть направлены на резкое снижение коррупции, оздоровление моральных устоев общества. Вместе с тем борьба с коррупцией не станет результативной, если само общество, каждый гражданин не проявит решимость противостоять коррупции, а государственное управление не будет компетентным и эффективным.

Также в этой работе особая роль отводится средствам массовой информации, которые должны объективно освещать ход реализации государственной политики в борьбе с коррупцией, активно пропагандировать и разъяснять законодательство о борьбе с коррупцией. Полагаем, что обеспечение постоянного информирования населения о ходе борьбы с коррупцией в стране, пропаганда антикоррупционной политики государства, внедрение специальных образовательных программ должны способствовать формированию нетерпимого отношения общества к проявлению коррупции, росту доверия к институтам власти. Поэтому каждый гражданин, который сталкивается признаками коррупции должен проявлять нетерпимость к этому негативному явлению и немедленно предпринять меры предотвращению незаконных действий. В частности, В соответствии со статьей 24 Закона РК «О противодействий с коррупцией» лицо, сообщившее о факте коррупционного правонарушения или иным образом оказывающее содействие в противодействии коррупцией, находится под защитой государства и поощряется в порядке, установленном Правительством Республики Казахстан.

Также следует помнить, что одним из важных методов борьбы с коррупцией, однозначно является обязательное соблюдение закона. Большую роль в этом играет и моральная сторона. Высокоморальный человек не будет нарушать законы. Еще в 5 веке до н.э. китайский мудрец Конфуций говорил: «Все люди должны соблюдать свои обязанности - отец должен быть отцом, сын сыном, правитель правителем». Из этого следует, что мы должны соблюдать законы, каждый человек на своем месте должен выполнять свои обязанности честно, добросовестно и ответственно, и ни в коем случае не идти на поводу у коррупционеров.

Олег АНИСИМОВ,
председатель Текелийского городского суда.

СУДЕБНО-МЕДИЦИНСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА

ЗАЧЕМ НАЗНАЧАЕТСЯ СМЭ, КТО И КАК ЕЕ ПРОВОДИТ?

Судебно-медицинские экспертизы призваны помогать представителям следственных органов и суда в решении вопросов медицинского характера. Ее назначают, в том числе, и для решения вопросов биологического характера (принадлежности крови, костей, волос и других объектов). К судебно-медицинским экспертам обращаются, в тех случаях, когда возникает необходимость определить: 1) причину и время смерти; 2) степень тяжести вреда здоровью и характер телесных повреждений полученных результате преступления или дорожно-транспортного происшествия; 3) возраст лица, при отсутствии возможности определить возраст, когда или утеряны документы, или имеющиеся данные вызывают сомнения; 4) психическое состояние лица, а точнее возможность человека самостоятельно принимать решения, оценивать адекватно ситуацию и давать отчет за свои слова и поступки; 5) имело ли место преступление, совершенное на сексуальной почве; 6) возможность ненадлежащего выполнения своих обязанностей медицинскими работниками; 7) находится ли человек в состоянии алкогольного или наркотического опьянения.

В городе Талдыкорган на вышеуказанные и иные вопросы, касательно судебной медицины, ответят эксперты-медики Института судебных экспертиз по области Жетісу являющиеся одними из представителей государственной системы судебной экспертизы в Казахстане которыми руководит РГКП «Центр судебных экспертиз» Министерства юстиции Республики Казахстан.

Экспертиза назначается уполномоченными органами вынесением соответствующего документа, который называется постановлением либо определением, в зависимости от того, кем оно вынесено. Проведение экспертизы на основании постановления или определения производится бесплатно, будь это освидетельствование живого лица для определения наличия телесных повреждения с установлением тяжести вреда здоровью либо исследование трупа при установлении причины, приведшей к смерти.

В филиале кроме проведения исследований также оказываются платные услуги, которые могут получить как юридические, так и физические и лица. Для этого необходимо обратиться в территориальное подразделение для заключения договора на оказание платных услуг. В договоре, заключаемом между исполнителем и заказчиком, определяется наименование и объем оказываемых платных услуг, условия и сроки их получения, порядок расчетов, права, обязанности и ответственность сторон, также стоимость платных услуг в соответствии с прейскурантом цен на платные услуги Центра. С перечнем оказываемых услуг и утвержденным прейскурантом цен вы можете ознакомиться на сайте forensic.gov.kz, в разделе для граждан. Для получения подробной информации можете обратиться по адресу: город Талдыкорган, ул. Ескелді Би 283А.

Судебно медицинская деятельность в филиале осуществляется несколькими подразделениями, каждая из которых осуществляет определенные виды экспертиз.

Помимо исследований трупа и освидетельствования живых лиц, эксперты общеэкспертного отдела выезжают со следственной группой на места преступлений, дают заключения изучая медицинские документы. Эти эксперты также осуществляют один из сложных видов экспертиз, который называется комиссионной, где заключение дается не менее двумя экспертами и зачастую экспертами в разовом порядке также выступают врачи других специальностей.

Эксперты химико-токсикологического отделения определяют различные химикаты в биоматериалах. Химико-токсикологический анализ может понадобиться в различных ситуациях, например, при расследовании обстоятельств ДТП, уголовного дела или в любых других ситуациях, когда необходимо оценить адекватность человека.

Эксперт гистолог в своем отделении проводит микроскопическое исследование кусочков внутренних органов, тканей трупов, в целях установления наличия и оценки патологических изменений в органах и тканях, обусловленных насильственными воздействиями или заболеваниями, определения прижизненности и давности патологических процессов, повреждений.

В медико-криминалистическом отделении выполняются судебно-медицинские экспертизы и исследования трупного материала, живых лиц и вещественных доказательств не биологического происхождения для диагностики механизма и условий образования телесных повреждений, идентификации орудий причинения телесных повреждений, отождествление личности и реконструкции событий преступлений против жизни и здоровья человека.

К вещественным доказательствам биологического происхождения, подлежащим судебно-медицинскому исследованию, относятся: кровь, волосы, сперма, слюна, пот, моча, части внутренних органов, мышцы, кости, зубы, пр. - как сами по себе, так и в виде следов на различных предметах (одежде, обуви, орудиях преступления и т.п.). Их исследованием занимается судебно-биологическое отделение.

В филиале так же проводится наркологическая экспертиза, которая помогает оценить, употреблял ли пациент наркотические вещества, сильнодействующие вещества или алкогольные напитки.

Помимо экспертов, весомый вклад вносит средний и младший медицинский персонал, без их участия трудно представить достижение основной задачи, которой является обеспечение производства экспертиз по уголовным, гражданским делам, а также по делам об административных правонарушениях.

Р. САПОРОВ,
судебно-медицинский эксперт Института судебных экспертиз по области Жетісу.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАРЫС

«ЖАС САРБАЗ» ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ ОЙЫНЫ ӨТТІ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ №26 ОРТА МЕКТЕП БАЗАСЫНДА «ЖАС САРБАЗ» ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ ОЙЫНЫ ӨТТІ. ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ ОЙЫНЫНА ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІНІҢ ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҚАТЫСЫП, БАҚТАРЫН СЫНАДЫ.

Еліміздің әнұранымен ашылған әскери-спорттық ойынында Әскери госпиталінің жауынгерлік және жұмылдыру даярлығы жөніндегі аға офицері майор Ғалымжан Шойғараев сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға жеңіс тіледі.

Әскери-спорттық ойыны 4 кезеңде өтті. Бірінші кезең АК-74 қаруын толық емес бөлшектеу және жинау, екінші кезең жалпыәскери қорғаныш толымын кию, үшінші кезең ұлдар кермеге тартылу, қыздар арқада жатып денені көтеру, төртінші кезең пневматикалық мылтықтан ату болды.

Ойынның өту ережесі бекітіліп, білім мекемелерінің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушы ұйымдастырушылары жарысқа әдістемелік көмек және төрешілік жасады.

Шарада Әскери госпиталінен келген әскери дәрігерлер тобы оқушыларға жарақаттанған адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістерін тәжірибе жүзінде көрсетті.

Ойын қорытындысы бойынша жүлделі бірінші орынды 2-ші мектеп, екінші орынды 26-шы мектеп ал, үшінші орынды 18-ші мектеп қанжығалады.

Жеңімпаз командаларға кубок, медаль, мадақтау қағаздары салтанатты түрде табыс етілді.

майор Жанат СЕМБАЕВ,
Жетісу гарнизоны баспасөз қызметінің бастығы.

ТУРНИР

БІЛЕКТІЛЕР БӘСЕКЕСІ

Елордада Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында ТМД-ға мүше мемлекеттер әскерилері арасында армиялық қоян-қолтық ұрыстан чемпионат және еліміздің Қорғаныс министрінің кубогі үшін қоян-қолтық ұрыстан республикалық турнир өтті.

Ашылу салтанатында Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов пен Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, авиация генерал-майоры Тоқтар Әубәкіров спортшыларға ақ жол тіледі. *«Достастық елдері әскери қызметшілерінің қатысуымен өтетін жарыстар оларға өздерін барынша сынауға және жауынгерлік қабілеттерін көрсетуге молынан мүмкіндік береді. Әскерилер өздерінің күштілігін тек осындай жарыстарда ғана көрсетсін. Ешбір елде қарулы қақтығыс, соғыс болмасын»,* деді Халық қаһарманы.

Қорғаныс министрлігінің Спорт комитеті – Орталық спорт клубы ұйымдастырған жарысқа Беларусь, Қазақстан, Ресей және Өзбекстаннан келген 180-нен аса спортшы қатысты. Ерлер сегіз салмақ дәрежесінде, әйелдер үш салмақ дәрежесінде күш сынасты.

Екі күнге созылған турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау іс-шарасына Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов қатысып, өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлт денсаулығын нығайту мен халық арасында бұқаралық спортты дамыту мәселелеріне көп көңіл бөлетінін атап өтті. Ол Халықаралық қоян-қолтық жекпе-жек федерациясының президенті Сергей Астаховқа спорттың осы түрін насихаттағаны үшін алғысын білдіріп, спортшыларды байрақты бәсекенің аяқталуымен құттықтады.

– Қоян-қолтық ұрыс – еліміздегі барлық күштік құрылым үшін маңызға ие спорт түрі. Қарулы күштерде әскери қызметшілердің дене шынықтыру бағдарламасы пәндерінің бірі. Бұл әскери қызметшілерді шынықтырып, мықты әрі төзімді ететін жекпе-жек түрі, – деп атап өтті министр.

Халықаралық қоян-қолтық ұрыс федерациясының президенті Сергей Астахов министрлік басшылығына іс-шараны жақсы ұйымдастырғаны үшін алғысын білдірді.

ТМД-ға мүше мемлекеттер достық армиялары чемпионатының қорытындысы бойынша командалық есепте Қазақстан құрамасы жеңіске жетті. Екінші орынды Ресей командасы еншілесе, өзбекстандық спортшылар үшінші орынға ие болды. Жеке біріншілікте 55 келіге дейінгі салмақта сержант Айдын Нұридинов (Қазақстан), 60 келіге дейінгі салмақта майор Аман Шәкіртов (Қазақстан), 65 келіге дейінгі салмақта аға лейтенант Жәнібек Сәбит (Қазақстан), 70 келіге дейінгі салмақта сержант Андрей Ляшенко (Ресей), 75 келіге дейінгі салмақта сержант Олимжон Номуродов (Өзбекстан), 80 келіге дейінгі салмақта курсант Темірхан Хасанов (Ресей), 85 келіге дейінгі салмақта сержант Азамат Асылбекұлы (Қазақстан), 85 келіден жоғары салмақта лейтенант Руслан Габараев (Ресей) чемпион атанды.

Сонымен бірге ресейлік спортшы Руслан Габараевқа «Үздік техника» аталымы берілді. Ал «Жеңіске деген жігері үшін» аталымына өзбек спортшысы сержант Шохруз Шарифов ие болды. Әділ төрелік жасағаны және спорттық қағидаттарды мүлтіксіз орындағаны үшін жарыс төрешісі, Қорғаныс министрлігі Орталық спорт клубы спорттық іс-шараларды ұйымдастыру бөлімінің офицері, аға лейтенант Нұрбол Саябаев грамотамен марапатталды.

ХОККЕЙ

ӘЛЕМДІК ЭЛИТАЛЫ ДИВИЗИОНДА ОЙНАЙДЫ

МАЖАРСТАННЫҢ БАС ШАҺАРЫ БУДАПЕШТТЕ ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ IA ДИВИЗИОНЫНЫҢ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ. ЖАҺАНДЫҚ ДОДАДА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БІРІНШІЛІКТІҢ БАС ЖҮЛДЕСІН ЖЕҢІП АЛДЫ.

Жерлестеріміз бастапқы төрт ойында Мажарстан, Франция, Дания, Жапония құрамаларын тізе бүктірсе, соңғы матчта Аустрия жастарына булиттер сериясында есе жіберді. Жарыс қорытындысында Сергей Старыгин шәкірттері 13 ұпаймен топ жарды.

Жастар құрамасының аталған жеңісінен кейін Қазақстан тарихи жетістікке қол жеткізді. Атап айтқанда, 2024 жылы өтетін әлем чемпионатының элиталы дивизионында бірден үш құрамамыз – яғни, жасөспірімдер, жастар, ересектер арасындағы ұлттық құрама өнер көрсету мүмкіндігіне ие болды.

Хоккейшілерді жарқын жеңістерімен құттықтаған Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев биыл шайбалы хоккейден әр жастағы ұлттық құрамаларымыз тамаша нәтижеге қол жеткізіп, тарихта алғаш рет әлем чемпионатының элиталы дивизионында ойнайтынын, елімізде шайбалы хоккейдің қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Еске салайық, биыл сәуір айында жасөспірімдер құрамасы IA дивизионындағы әлем чемпионатында бірінші орынды иеленіп, элиталы топқа жоғарылаған. Ал ересектер құрамасы топтық кезеңде үш рет жеңіске жетіп, элиталы топтағы орнын сақтап қалды және топ-дивизионда қатарынан төртінші жыл ойнағалы отыр.

Материалдар egemen.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

ТҮЙЕЖАПЫРАҚ ШЫРЫНЫ ҚАТЕРЛІ ІСІКТІ ЕМДЕЙТІНІ РАС ПА?

ХАЛЫҚТЫҚ МЕДИЦИНАДА ТҮЙЕЖАПЫРАҚ ШЫРЫНЫ (ТҮЙЕОШАҒАН, ОШАҒАН) ҚАН МЕН ЛИМФАНЫ ТАЗАРТУ ҮШІН ҚОЛДАНАДЫ, СОНЫМЕН ҚАТАР, ОЛ БАУЫР МЕН АСҚАЗАН-ІШЕК ЖОЛДАРЫН ТАЗАРТАДЫ. ӨСІМДІК АНТИОКСИДАНТТАРҒА БАЙ, ҚҰРАМЫНДА ДӘРУМЕН МЕН МИНЕРАЛ КӨП.

Ресми медицина түйежапырақ өт айдайтын және қабынуға қарсы препараттармен кешенді терапияның бөлігі ретінде пайдаланылады. Түйежапырақ тамырын қазақстандық дәріханалардан сатып алуға болады. Бұл – дәрі емес, биологиялық белсенді қоспа. Өсімдік ағза үшін флавоноидтер көзі ретінде болады, ал олар өз кезегінде зат алмасу процестерін жақсартады, қанның ұюын төмендетеді, капиллярлардың сынғыштығын азайтады.

Түйежапырақтың қант диабетін, онкологияны немесе басқа ауруларды емдеу үшін қолданылатынына ғылыми дәлел жоқ. Слоан-Кеттеринг американдық мемориалдық онкологиялық орталығының порталында өсімдіктің толық сипаттамасы жазылған. Зертханаларда жүргізілген зерттеулер түйежапырақ бактериялар мен саңырауқұлақтардың өсуін тоқтата алатынын көрсетті. Бірақ бұған қатысты терең зерттеулер жүргізілмеген.

2015 жылы түйежапырақтың репродуктив функцияға қалай әсер ететінін анықтау үшін қант диабетімен ауыратын тышқандарға эксперименттер жүргізілді. Сығынды бедеулікке қарсы әсер етуі мүмкін екендігі анықталды. Алайда өсімдіктің репродуктив органдарға ықпал етуінің де нақты механизмдері жоқ. Адамдарда зерттеулер жүргізілмеген.

2002 жылы егеуқұйрықтарға жүргізілген тәжірибелер түйежапырақтың бауырдың алкогольге байланысты зақымдануын қалпына келтіретінін көрсетті. Бірақ лопуханың адамның бауырына қалай әсер ететіні әлі белгісіз.

Түйежапырақ шырынын қолданар алдында дәрігермен кеңесіңіз. Есіңізде болсын, дәстүрлі медицинаның ешбір құралы дәрі-дәрмектерге балама бола алмайды.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

Құрма жемісінде А, В, С секілді дәрумендер және өзге де пайдалы заттар көп. Ол әсіресе күз мезгілінде аса пайдалы: иммунитетті көтеріп, ағзаны зиянды инфекциядан қорғап, жүйке жүйесін ретке келтіреді.

ҚҰРМА АҒЗАҢЫЗҒА ПАЙДАЛЫ БОЛУ ҮШІН ОНЫ ҚАЛАЙ ЖЕУ КЕРЕК?

Құрма – адамның асқа деген тәбетін жақсартып, жұмысқа деген қабілетін жақсартады;

Фруктоза мен глюкозаға бай бұл жеміс жүйкені тыныштандырып, ұйқыны қалыпқа келтіреді;

Құрма құрамындағы магний бүйрекке тас жиналудың алдын алады. Сондай-ақ ағзадағы тұзды шығаруға көмектеседі;

Құрма – йодқа да бай. Қалқанша безінің қабынуымен ауырғанда осы жемісті жеу ұсынылады;

Қаныңыз аз болса, бұл жемістің өзінен немесе жапырағынан шай жасап ішуіңізге болады.

Құрма құрамындағы моносахаридтер жүрек бұлшықеттеріне пайдалы;

Құрма құрамындағы «А» және «С» дәрумені иммунитетті көтеріп, суықтаудың алдын алады.

Құрманың құрамындағы кей компоненттер жағымсыз әсер беруі мүмкін.

Құрма құрамындағы ерігіш таниндер асқазандағы қышқылмен әсерлесіп, фитобезоарлар түзуі мүмкін. Бұл қорытылмайтын кесектер. Олар астың өтуін қиынтады және жүрек айну, құсу, іш ауыруы және іш қатуды тудыруы мүмкін. Егер сізде ішек тарылуымен проблема болса, бұл жемісті көп жемеген жөн.

Құрма 80 пайыздан судан тұрады, бірақ оның етінің энергетикалық құндылығы 100 г-ға шамамен 70 ккал-ды құрайды. Сондай-ақ 100 г құрмада 12,5 г глюкоза мен фруктоза бар. Сондықтан 1 құрманы жеп, сіз шамамен 100 ккал аласыз: ол 2 шай қасық қантпен бірдей.

Калория мөлшері асып кетпес үшін ауызды қуыратын дәмі бар құрма таңдаңыз. Сондай-ақ оны десертке қосымша ретінде емес, оның орнына жеңіз. Күніне 3-4 құрмадан артық жемеңіз. Сол кезде құрманың тек пайдасын аласыз. Құрманы жаңғақ және басқа да майлы өсімдіктермен қосып жеген пайдалырақ.

Құрманы қант диабетімен ауыратын және ұйқы безі қабынған (панкреатит ауруы) адамдарға жеуге болмайды. Құрманың құрамында қант пен көмірсу өте мол. Оны жеген адамның көпке дейін қарны ашпайды. Бірақ құрманың бұл қасиеті кейбір диагноздың асқынуына себеп болуы мүмкін. Тіпті, сау адамның өзіне күніне 300 г құрмадан артық тұтынбағаны жөн.

Massaget.kz сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Жания ТАЛҒАТ

Тиана ТЕМІРБОЛАТОВА

Адия ТАЛҒАТ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН.

Alatau

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 1465
Индекс 15534